

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ СОТ КЕҢЕСІНІҢ
ЖАНЫНДАҒЫ СОТ ТӨРЕЛІГІ АКАДЕМИЯСЫ**

**Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы
Сот төрелігі академиясының 2024-2025 оқу жылының қорытындысы
бойынша білім беру қызметін өзін-өзі бағалау нәтижелері туралы
ҚОРЫТЫНДЫ**

2025 жыл

МАЗМҰНЫ:

1. Кіріспе
2. Жалпы сипаттама
3. Магистратурада білім алушылар контингенті туралы мәліметтер
4. ПОҚ-тың кадрлық құрамы
5. Магистратураның білім беру бағдарламаларын өзін-өзі бағалау:
 - 5.1. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын базалық біліктілік талаптары
 - 5.2. «Магистр» академиялық дәрежесін беру арқылы жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін Сот төрелігі академиясының білім беру қызметіне қойылатын бейінді біліктілік талаптары
 - 5.3. Магистратурада білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінде қойылатын талаптар
 - 5.4. Магистратурада білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар
 - 5.5. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар: МЖМС-қа сәйкес академиялық кредиттердің негізгі көлемін игеру мерзімдерінің сақталуы
6. Сот төрелігі академиясы білім алушыларының тәрбиелік және ғылыми-зерттеу жұмысы
7. Сот төрелігі академиясының судьялар мен сот жүйесі қызметкерлерінің кәсіби деңгейін арттыру жөніндегі қызметі
8. Сот төрелігі академиясының ғылыми-зерттеу жұмысы
9. Сот төрелігі академиясының халықаралық қызметі
10. Қорытындылар мен ұсыныстар

1. Кіріспе

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 59-бабының 4-1-тармағына (*бұдан әрі – Заң*) және Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі академиясының (*бұдан әрі – Академия*) Ғылыми кеңесінің 2025 жылғы 26 маусымдағы (№ 12 хаттама) шешіміне сәйкес, 2024–2025 оқу жылының қорытындысы бойынша Академияның білім беру қызметіне Академияның білім беру қызметін өзін-өзі бағалау жөніндегі комиссиясы (*Академия ректорының 2025 жылғы 30 шілдедегі № 05-01-03/155 бұйрығы сәйкес құрылған*) (*бұдан әрі – Комиссия*) келесі құрамда өзін-өзі бағалау жүргізді:

Мусин К.К.	Академия ректорының м.а., Комиссияның төрағасы;
Абилова М.Н.	Академиялық бағдарламалар мен жобалар орталығының директоры, Комиссия төрағасының орынбасары;
Нурышева Т.С.	Мемлекеттік-құқықтық пәндердің ғылыми-білім беру орталығының директоры;
Егембердиев Е.О.	Азаматтық-құқықтық пәндердің ғылыми-білім беру орталығының директоры;
Сембекова Б.Р.	Қылмыстық-құқықтық пәндердің ғылыми-білім беру орталығы директоры;
Ярославцева О.А.	Әкімшілік-қаржылық қызметінің басшысы;
Шоменов А.М.	Ақпараттық технологиялар қызметінің басшысы;

Академияның білім беру қызметін өзін-өзі бағалау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 124 бұйрығымен бекітілген (*Ғылым және жоғары білім министрінің бұйрығымен 2023 жылғы 12 сәуірдегі № 161 және 2024 жылғы 18 шілдедегі № 355 енгізілген өзгерістерімен*) Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын әскери, арнаулы оқу орындарын бағалау өлшемшарттарына (*бұдан әрі – бағалау өлшемшарттары*) сәйкес жүзеге асырылды.

2. Жалпы сипаттама

«Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына сәйкес Академия жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асырады, сот жүйесі кадрларын қайта даярлауды, олардың біліктілігін арттыруды және ғылыми қызметті жүзеге асырады (38-2-бап) (https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z000000132_#z136).

Академия Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 18 ақпандағы № 198 Жарлығына сәйкес ерекше мәртебесі бар жоғары оқу орны ретінде құрылды (<https://adilet.zan.kz/rus/docs/U1600000198>).

Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 10 маусымдағы № 252 Жарлығына сәйкес Академия Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қарамағынан Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің (бұдан әрі – Кеңес) қарамағына берілді (<https://adilet.zan.kz/rus/docs/U2300000252>).

Академия Астана қ., Бейбітшілік көшесі, № 46 ғимарат мекен-жайында орналасқан.

Меншік нысаны: мемлекеттік.

Академияның құқық белгілейтін құжаттары:

- 2024 жылғы 23 шілдедегі Астана қаласының Әділет департаменті берген заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама (*Қорытындыға қоса беріледі*);

- Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесі Төрағасының 2024 жылғы 15 шілдедегі № 1-8/35п өкімімен бекітілген Жарғы (<https://sta.edu.kz/wp-content/uploads/2024/07/ustav-akademii-rus-1.pdf>).

Банк реквизиттері: БСН 160340016701, БЖК ККМФКЗ2А, ЖСК KZ92070101KSN0000000 (*ағымдағы шот*); ЖСК KZ860703011070002001 (*ақылы қызметтердің қолма-қол ақшасын бақылау шоты*).

Заңды мекен-жайы: 010000, Астана қ., Бейбітшілік к., 46.

Нақты мекен-жайы: 010000, Астана қ., Бейбітшілік к., 46.

Байланыс деректері: 8 (7172) 710871, e-mail: kense@apvs.kz

Академияның заңды өкілі: ректордың м. а. Мусин Қанат Қалқаманұлы, туған жылы 5 маусым 1977 жыл, Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесі Төрағасының 2024 жылғы 26 тамыздағы № 5-1/38 ж/қ өкімі негізінде әрекет ететін, жеке куәлік № 060496616 ҚР ІІМ 13 мамыр 2025 жылы берілген (<https://dialog.egov.kz/blogs/4947968/biography>).

Академия білім беру қызметін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы бақылау комитеті (бұдан әрі – ҒЖЖБМ) берген 2024 жылғы 29 шілдедегі №KZ15LAA00036500 мемлекеттік лицензиясы (2025 жылғы 12 наурыздағы №KZ87LAM00001252 лицензиясына қосымша) негізінде жүзеге асырады

<https://sta.edu.kz/wp-content/uploads/2024/07/licenziya-2024-rus.pdf>/
<https://sta.edu.kz/wp-content/uploads/2025/08/prilozhenie-k-licenzii-rus.pdf>).

Академия «7М042 – Құқық» (Білім беру саласының коды және жіктелуі: 7М04 – Бизнес, басқару және құқық) кадрларды даярлау бағыты бойынша магистратурада жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асырады (<https://sta.edu.kz/wp-content/uploads/2025/08/obrazovatel'naya-programma-2024-g-rus.pdf>).

Академияның құрылымы Кеңес Төрағасының 2025 жылғы 4 сәуірдегі №10-9/20 өкімімен бекітілген. Академия құрамында: Мемлекеттік-құқықтық пәндердің ғылыми-білім беру орталығы, Азаматтық-құқықтық пәндердің ғылыми-білім беру орталығы, Қылмыстық-құқықтық пәндердің ғылыми-білім беру орталығы; Академиялық бағдарламалар мен жобалар орталығы (бұдан әрі – АБЖО), Әкімшілік-қаржылық қызметі және Ақпараттық технологиялар қызметі жұмыс істейді (<https://sta.edu.kz/struktura/>).

Академияның барлық құрылымдық бөлімшелері олардың қызметінің мазмұны мен бағыттарын айқындайтын ректордың м.а. бекіткен Ережелер негізінде жұмыс істейді. Бөлімшелер басшыларының және әкімшілік-басқару персоналының функционалдық міндеттері лауазымдық нұсқаулықтарда белгіленген. Лауазымдық нұсқаулықтар барлық ПОҚ санаттарына және Академия қызметкерлеріне әзірленген.

АБЖО жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқу үдерісін ұйымдастыруды жүзеге асырады. Сондай-ақ оған білім беру бағдарламаларын іске асырудың сапасы мен тиімділігін мониторингтеу міндеті жүктелген. Ғылыми-білім беру орталықтары тиісті мемлекеттік-құқықтық, қылмыстық-құқықтық және азаматтық-құқықтық бағыттағы пәндер бойынша оқу үдерісін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

Академияның білім беру қызметі нормативтік құқықтық актілермен және Академияның ішкі нормативтік құжаттарымен реттеледі.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес (5-2-бап)) (https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319_#z664) Кеңес Төрағасының өкімімен бекітілді:

1) Академия қызметінің ережелері (<https://adilet.zan.kz/rus/docs/D25ARC10912>);

2) Академияда оқу процесін, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік қызметті ұйымдастыру және жүзеге асыру ережелері (<https://sta.edu.kz/wp-content/uploads/2024/12/pravila-organizaczii-i-osushhestvleniya-uchebnogo-proczessa-uchebno-metodicheskoy.pdf>);

3) Академияға оқуға қабылдау ережелері (<https://adilet.zan.kz/rus/docs/D25ARC10911>);

4) «7М042 – Құқық» кадрларды даярлау бағыты бойынша үлгілік оқу жоспары (бейіндік магистратура) (https://sta.edu.kz/wp-content/uploads/2025/04/tup-pm_2025-rus.pdf);

5) «7M042 – Құқық» кадрларды даярлау бағыты бойынша үлгілік оқу жоспары (ғылыми-педагогикалық магистратура) (https://sta.edu.kz/wp-content/uploads/2025/04/tup-npm_2025-rus.pdf);

6) Академияда оқу басылымдарын және оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеу, сараптау, апробациялау, басып шығару және мониторинг жүргізу жұмыстарын ұйымдастыру қағидалары (<https://adilet.zan.kz/rus/docs/D24ARC01866>);

7) Академия білім алушыларының кәсіби тәжірибесін және тағылымдамасын ұйымдастыру және өту қағидалары (<https://adilet.zan.kz/rus/docs/D24ARC01863>);

8) Академия педагогтарының, ғылыми қызметкерлерінің лауазымдарын атқару қағидалары және педагог лауазымдарының біліктілік сипаттамалары (<https://adilet.zan.kz/rus/docs/D24ARC01852>);

9) Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Сот төрелігі академиясының ақпараттық жүйелеріне және интернет-ресурстарына қойылатын талаптар (<https://adilet.zan.kz/rus/docs/D24ARC01853>);

10) Академияда білім беру технологияларын қолдана отырып, оқу үдерісін ұйымдастыру қағидалары (<https://sta.edu.kz/wp-content/uploads/2025/04/pravila-organizaczii-uch.proczes-s-primeneniem-tehnologij.pdf>);

11) Академияда қашықтықтан оқыту бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру қағидалары (<https://adilet.zan.kz/rus/docs/D24ARC01864>).

2024–2025 оқу жылында Академияның Кеңес қарамағына өтуіне байланысты Кеңес қабылдаған нормативтік құқықтық актілер аясында Академияның білім беру, ғылыми және оқу-тәрбие бағытындағы қызметін реттейтін ішкі құжаттар базасы жаңартылды:

1) «Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Сот төрелігі академиясы» республикалық мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері мен білім алушыларының әлеуметтік-тұрғын үй мәселелерін қарау жөніндегі комиссия туралы ереже (Академия ректорының міндетін атқарушының 2024 жылғы 28 тамыздағы № 06-01-25/10 бұйрығы);

2) Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Сот төрелігі академиясының Оқу-әдістемелік кеңесі туралы ереже (Академия ректорының міндетін атқарушының 2024 жылғы 4 қыркүйектегі № 06-01-25/15 бұйрығы);

3) Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Сот төрелігі академиясында құжаттаманы рәсімдеу және құжат айналымын басқару қағидалары (Академия ректорының міндетін атқарушының 2024 жылғы 4 қыркүйектегі № 06-01-25/15 бұйрығы);

4) Ғылыми жұмыстарды басқару бойынша білім алушылардың қанағаттанушылығын зерттеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар (Академия ректорының міндетін атқарушының 2024 жылғы 4 қыркүйектегі № 06-01-25/15 бұйрығы);

5) «Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Сот төрелігі академиясы» РММ-нің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты (Академия ректорының міндетін атқарушының 2024 жылғы 4 қыркүйектегі № 06-01-25/15 бұйрығы);

6) «Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Сот төрелігі академиясы» республикалық мемлекеттік мекемесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комиссия туралы ереже (Академия ректорының міндетін атқарушының 2024 жылғы 4 қыркүйектегі № 06-01-25/15 бұйрығы).

7) Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Сот төрелігі академиясының профессорлық-оқытушылық құрамы мен қызметкерлерін ғылыми басылымдардағы жарияланымдар нәтижелері бойынша көтермелеу шаралары туралы ереже (Академия ректорының міндетін атқарушының 2024 жылғы 4 қыркүйектегі № 06-01-25/15 бұйрығы);

8) «Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Сот төрелігі академиясы» РММ-нің Ғылыми кеңесі туралы ереже (Академия ректорының міндетін атқарушының 2024 жылғы 19 қыркүйектегі № 06-01-25/36 бұйрығы);

9) Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Сот төрелігі академиясында «Үздік оқулық, оқу-әдістемелік құрал, оқу-әдістемелік кешен» конкурсын өткізу ережелері (Академия ректорының міндетін атқарушының 2024 жылғы 19 қыркүйектегі № 06-01-25/36 бұйрығы);

10) «Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Сот төрелігі академиясы» РММ-де құқықтың жекелеген салалары және гуманитарлық ғылымдар бойынша лекторлар пулын қалыптастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар (Академия ректорының міндетін атқарушының 2024 жылғы 24 қыркүйектегі № 06-01-25/43 бұйрығы);

11) «Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Сот төрелігі академиясы» РММ-де өткізу режимін қамтамасыз ету қағидалары (Академия ректорының міндетін атқарушының 2024 жылғы 9 қазанындағы № 06-01-25/51 бұйрығы);

12) Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Сот төрелігі академиясы кітапханасын пайдалану ережелері (Академия ректорының міндетін атқарушының 2024 жылғы 9 қазанындағы № 06-01-25/51 бұйрығы);

13) «Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Сот төрелігі академиясы» РММ-нің профессорлық-оқытушылық құрамы (ғылыми-педагогикалық қызметкерлер) және әкімшілік-басқару персоналының біліктілігін арттыру туралы ереже (Академия ректорының міндетін атқарушының 2024 жылғы 9 қазанындағы № 06-01-25/51 бұйрығы);

14) Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Сот төрелігі академиясының ішкі еңбек тәртібі ережелері (Академия ректорының міндетін атқарушының 2024 жылғы 29 қарашадағы № 06-01-25/87 бұйрығы);

15) Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Сот төрелігі академиясының тәртіптік комиссиясы туралы ереже (Академия ректорының міндетін атқарушының 2024 жылғы 29 қарашадағы № 06-01-25/87 бұйрығы);

16) Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Сот төрелігі академиясы магистратурасының апелляциялық комиссиясы туралы ереже (Академия ректорының міндетін атқарушының 2024 жылғы 29 қарашадағы № 06-01-25/87 бұйрығы);

17) Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Сот төрелігі академиясының Сараптамалық комиссиясы туралы ереже (Академия ректорының міндетін атқарушының 2024 жылғы 29 қарашадағы № 06-01-25/87 бұйрығы);

18) Магистрлік жобаны жазу жөніндегі нұсқаулық (Академия ректорының міндетін атқарушының 2024 жылғы 26 желтоқсандағы № 06-01-25/104 бұйрығы);

19) Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Сот төрелігі академиясында сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат және стандарттар (Академияның Ғылыми кеңесінің шешімі, 2024 жылғы 27 желтоқсандағы № 5 хаттама);

20) Академиялық саясат (Академия ректорының міндетін атқарушының 2024 жылғы 30 желтоқсандағы № 06-01-25/106 бұйрығы);

21) Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Сот төрелігі академиясы магистранттарының қорытынды аттестациясын өткізу тәртібі (Академия ректорының міндетін атқарушының 2025 жылғы 16 қаңтардағы № 06-01-25/8 бұйрығы).

Кеңес Төрағасының 2025 жылғы 11 ақпандағы № 6 өкімімен Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Сот төрелігі академиясының 2025–2027 жылдарға арналған даму тұжырымдамасы (бұдан әрі – Тұжырымдама) бекітілді (<https://sta.edu.kz/wp-content/uploads/2025/02/konczepczya-rus-1.pdf>).

Тұжырымдама – Жоғары Сот Кеңесінің қызметіндегі, сот жүйесіндегі, іс жүргізу және материалдық заңнамадағы жүргізіліп жатқан реформаларды, сондай-ақ сот практикасын жетілдіруді ескере отырып, білім беру ұйымының мақсаттары мен міндеттерін, даму бағыттарын айқындайтын жаңа стратегиялық құжат болып табылады. Даму бағыттарын әзірлеудің негізіне Академияның қазіргі жағдайын талдау, жоғары кәсіби судьялар корпусын қалыптастыру үшін қажетті жоғары стандарттарды енгізуге кедергі келтіретін проблемаларды зерделеу алынды.

Тұжырымдама Академияның білім беру, ғылыми, кадрлық және ұйымдастырушылық қызметін жақсарту бойынша ұзақ мерзімді жоспарлар мен шараларды қалыптастырудың негізі болып табылады.

Академияның білім беру, ғылыми-талдамалық, сондай-ақ қоғамдық-мәдени қызметі Академияның интернет-ресурсында және әлеуметтік желідегі парақшаларында жарияланып отырады (<https://sta.edu.kz/>).

Оқу жылы ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында 400-ден астам материал орналастырылды (*телеканалдар – 14, ақпараттық агенттіктер – 10, баспа басылымдары – 8, Академия сайтында – 101, әлеуметтік желілерде – 267*).

Бүгінгі күні Академияның ресми әлеуметтік желідегі парақшаларының (Facebook (Сот төрелігі академиясы), Instagram ([academy.sud.kz](https://www.instagram.com/academy.sud.kz))) жазылушыларының саны 11 мың адамға жетеді.

Жалпы алғанда, есепті кезеңде Академия ғылыми-білім беру қызметінің тиімділігін арттыру бойынша мақсатты жұмыстар жүргізді.

3. Магистратурада білім алушылар контингенті туралы мәліметтер

Білім беру қызметін жүзеге асыру құқығына берілген лицензияға сәйкес Академия «7М042 – Құқық» даярлау бағыты бойынша магистратурада кадрларды даярлауды жүзеге асырды. Лицензияның қолданылу мерзімі – шектелмеген.

Академияда кадрларды даярлау мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде, сондай-ақ 2022 жылдан бастап – ақылы негізде жүргізіледі. Мемлекеттік тапсырыс бойынша магистратураға жыл сайынғы қабылдау 60 адамды, ақылы негізде – 45 адамға дейін (санын Ғылыми кеңес белгілейді) құрайды. Есепті кезеңде мемлекеттік тапсырыс бойынша оқуға мемлекеттік қызметшілер, ал ақылы негізде – мемлекеттік емес сектордың заңгерлік кәсіп өкілдері қабылданды.

Магистратураға түсушілерге мынадай талаптар қойылды: жиырма тоғыз жасқа толуы; жоғары заң білімінің болуы; оқуға қабылдау сәтінде кемінде төрт жыл заңгерлік кәсіп бойынша жұмыс өтілінің болуы.

2024 жылы Академияға қабылдау тек «7М042 – Құқық» даярлау бағыты бойынша бейіндік магистратураның «7М04201 – Сот және сот төрелігі» білім беру бағдарламасына (оқу мерзімі – 1 жыл) жүргізілді.

2024 жылғы 1 қыркүйекте магистратурада білім алушылардың контингенті 103 адамды құрады, оның ішінде мемлекеттік тапсырыс бойынша – 61 адам, жеке қаражаты есебінен – 42 магистрант.

Оқу жылы ішінде:

- жеке қаражаты есебінен оқыған магистранттар Академиядан өз қалауы бойынша шығарылды: Даулов А.Н. (*ректордың м.а. 23.08.2024 ж. № 05-01-03/4 бұйрығы*), Нурсейтова А.Е. (*ректордың м.а. 27.08.2024 ж. № 05-01-03/7 бұйрығы*), Кебен Ж. (*ректордың м.а. 04.09.2024 ж. № 05-01-03/16 бұйрығы*), Сыдыков Е.Т. (*ректордың м.а. 04.09.2024 ж. № 05-01-03/17 бұйрығы*), Сыздықов А.Б. (*ректордың м.а. 10.10.2024 ж. № 05-01-03/48 бұйрығы*);

- мемлекеттік тапсырыс бойынша білім алатын магистрант А.Қ. Мұхаметқалиға академиялық демалыс берілді (*ректордың м.а. 31.01.2025 ж. № 05-01-03/28 бұйрығы*);

- магистрант А.А. Абзал (2018 жылғы қабылдау) академиялық демалыстан мемлекеттік тапсырыс бойынша білім алушылар қатарына қайта қабылданды (*ректордың м.а. 01.08.2024 ж. № 6002-24-7-8/85 бұйрығы*).

Оқу жылының соңында магистратурада білім алушылар контингенті 97 адамды құрады, оның ішінде мемлекеттік тапсырыс бойынша – 60, жеке қаражаты есебінен – 37.

Магистранттар 7 академиялық топқа бөлінді: 3 топ – мемлекеттік тілде оқытылатын, 4 топ – орыс тілінде оқытылатын.

2024-2025 оқу жылына арналған білім алушылар контингенті туралы мәліметтер қоса беріледі (*Қорытындыға 1-қосымша*).

4. ПОҚ-тың кадрлық құрамы

Академияның кадрлық саясаты Академиялық саясатқа (*ректордың м.а. 30.12.2024 ж. №06-01-25/160 бұйрығы*), Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, педагогикалық, ғылыми қызметкерлерді лауазымға орналастыру қағидаларына (*Жоғары Сот Кеңесі Төрағасының 28.10.2024 ж. №1-8/52 өкімі*), ішкі еңбек тәртібі қағидаларына (*ректордың м.а. 29.11.2024 ж. №06-01-25/87 бұйрығы*) және басқа да құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады.

Есепті кезеңде Академияның профессорлық-оқытушылар құрамы (бұдан әрі – ПОҚ) 32 бірлікті құрады, оның ішінде штаттық оқытушылар – 11 (34,38%), сырттан қоса жұмыс атқаратындар – 21 (65,62%) (*Қорытындыға 2-қосымша*).

11 штаттық ПОҚ-тың ішінде ғылым докторы – 2 адам, ғылым кандидаты – 7 адам, PhD докторы – 2 адам.

Сырттан қоса жұмыс атқаратын 21 оқытушының 10-ында ғылыми дәрежелер бар: оның ішінде ғылым докторы – 2, ғылым кандидаты – 7, PhD докторы – 1. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді жүзеге асыратын ұйымдардың білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесінің 21 тармағына (бұдан әрі – БілТ) сәйкес (*Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы №4 бұйрығы*), қоса атқарылатын жұмыс негізінде 15 судья тартылды.

ПОҚ құрамында қоса жұмыс атқаратын жұмыскерлердің – қызметтегі судьялар мен отставкадағы судьялардың басым болуы оқу процесінің тәжірибеге бағытталуына және оқу бағдарламасында сот ісін жүргізудің түрлі нысандарын терең білуді талап ететін пәндердің болуына байланысты.

Академияның ПОҚ-ы өз қызметін лауазымдық нұсқаулықтарға сәйкес жүзеге асырады, олар педагог лауазымдарының біліктілік сипаттамаларына сай әзірленіп, алдын ала Ғылыми кеңесте талқыланған.

Кадрлық жұмысқа қатысты ведомстволық және ішкі құқықтық актілер Академияның сайтында жарияланған және олармен ПОҚ пен жұмыскерлер таныстырылған.

Академияның ведомстволық сипатына, судьялық кадрларды даярлаудың ерекшелігіне және ПОҚ-ның талаптарына байланысты 2024–2025 оқу жылы ішінде Кеңес пен өзге де мемлекеттік органдар актілерінің негізінде келесі оқытушылардың кәсіби жетістіктері атап өтілді:

Биебаева А.А. – Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесі Төрағасының Алғыс хаты;

Султанов Р.Р. – Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесі Төрағасының Алғыс хаты;

Бурбаев Т.К. – Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің «Сот жүйесінің үздігі» төсбелгісі;

Нурышева Т.С. – Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесі Төрағасының Құрмет грамотасы;

Абилова М.Н. – Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесі Төрағасының Құрмет грамотасы;

Егембердиев Е.О. – Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесі Төрағасының Құрмет грамотасы;

Мусин К.К. – Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесі Төрағасының Құрмет грамотасы.

ПОҚ-ны педагогикалық және (немесе) өзге де лауазымдық міндеттерін сапалы орындауға ынталандырудың бір құралы – есепті кезеңнің қорытындылары бойынша белгіленетін сыйақы беру және лауазымдық жалақыға үстемақы жүйесі болып табылады.

Академия қызметкерлерін сыйақы беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыға үстемақылар белгілеу ережелеріне (*ректордың м.а. 09.10.2024 ж. №06-01-25/51 бұйрығы*) сәйкес, олардың негіздері болып мыналар табылады: лауазымдық міндеттерді үлгілі орындау, мінсіз қызмет, ерекше маңызды және күрделі тапсырмаларды орындау, сондай-ақ жұмыстағы өзге де жоғары жетістіктер. Академияның Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесі жанында жұмыс істеу ерекшелігін ескере отырып, сыйақы беру негіздерінің бірі қызметкердің лауазымдық міндеттеріне кірмейтін жағдайларда келісімшарттар (конвенциялар, келісімдер) жобаларын, сондай-ақ мемлекеттік тілде заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілер жобаларын әзірлеу болып табылады.

ПОҚ-ны ынталандырудың құрамдас бөлігі ретінде оқытылатын пәндер (оқу курстары) бойынша сапалы оқулық, оқу-әдістемелік құрал немесе оқу-әдістемелік кешен әзірлегені үшін, сондай-ақ үздік ғылыми жұмыс үшін Академияда көтермелеу жүйесі қарастырылған. «Үздік оқулық, оқу-әдістемелік құрал, оқу-әдістемелік кешен» байқауын өткізу ережелеріне (*ректордың м.а. 29.11.2024 ж. №06-01-25/87 бұйрығы*), сондай-ақ «Үздік ғылыми жұмыс» байқауын өткізу ережелеріне (*ректордың м.а. 19.09.2024 ж. №06-01-25/36 бұйрығы*) сәйкес, тиісті байқау комиссиясының шешімдері негізінде жеңімпаздарға дипломдар, сертификаттар және біржолғы ақшалай сыйақы беріледі.

Академияның штаттық ПОҚ-ы болып табылатын азаматтық қызметшілерге Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, сондай-ақ Мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексі (*2020 жылғы 28 тамыздағы Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығы*) талаптары қолданылады. Әдеп кодексіне сәйкес, оның талаптарын сақтау штаттық ПОҚ-ны жоғары лауазымдарға ұсыну кезінде ескеріледі.

Қоса жұмыс атқару негізінде жұмыс істейтін ПОҚ – қызметтегі судьялар немесе отставкадағы судьялар, не болмаса сот жүйесінің, өзге де мемлекеттік органдардың қызметкерлері болып табылады. Оларға сот немесе қызметтік әдеп кодекстерінің нормалары, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы немесе «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызмет туралы» заңы қолданылады.

Академияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат Академияның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартына (ректордың м.а. 04.09.2024 ж. №06-01-25/15 бұйрығы) және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл комиссиясы туралы ережеде айқындалған негізгі бағыттарға (ректордың м.а. 04.09.2024 ж. №06-01-25/15 бұйрығы) сәйкес жүзеге асырылады.

5. Магистратураның білім беру бағдарламаларын өзін-өзі бағалау:

5.1. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын базалық біліктілік талаптары:

14.1-тармақша. Бағалау критерийлері (білім беру бағдарламаларының болуы)

Академия «7М042 – Құқық» кадрларды даярлау бағыты бойынша бейінді магистратурада жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламасын іске асырады.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (бұдан әрі – МЖМС) (<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200028916#z196>) сәйкес Академияда білім беру мазмұны мен оқыту технологиялары оның ерекше мәртебесіне сай дербес айқындалады, соның ішінде мемлекеттік білім беру тапсырысы аясында білім алушылар үшін (1-тармақ).

МЖМС-тың 47-тармағына сәйкес Академия оқыту нәтижелерін көрсете отырып, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын дербес әзірлейді.

Магистратураның білім беру бағдарламалары МЖМС талаптарына, Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі академиясында оқу процесін, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік қызметті ұйымдастыру және жүзеге асыру ережелеріне (Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесі Төрағасының 2024 жылғы 19 қарашадағы №1-8/56 өкімі) және Академиялық саясатқа (30.12.2024 жылғы №06-01-25/106 ректордың м.а. бұйрығы) (<https://sta.edu.kz/pravovyye-akty/>) сәйкес әзірленген.

Магистратураның білім беру бағдарламасы Оқу-әдістемелік кеңестің (2024 жылғы 27 тамыздағы №1 хаттама) сондай-ақ Ғылыми кеңестің отырыстарында (2024 жылғы 28 тамыздағы №1 хаттама) қаралды.

Академияның магистратура білім беру бағдарламалары модульдік негізде әзірленген.

Академияның магистратура білім беру бағдарламасының мазмұны мен құрылымы МЖМС талаптарына (3–11-тармақтар) сәйкес және келесі құрамдас бөліктерден тұрады:

- 1) базалық және бейіндік пәндер циклдерін қамтитын теориялық оқыту;
- 2) магистранттардың практикалық дайындығы: кәсіби практика және тағылымдама;
- 3) магистрлік жобаны орындауды қамтитын эксперименттік-зерттеу жұмысы.

Базалық және бейіндік пәндер циклдері ЖОО компонентінің пәндерін қамтиды.

«7M042 – Құқық» кадрларды даярлау бағытындағы магистратурада оқу пәндерін меңгерудің жалпы еңбек сыйымдылығы МЖМС талаптарына сәйкес келеді. Осылайша, бейіндік бағыттағы магистратурада 60 академиялық кредитті меңгеру көзделген, оның ішінде: теориялық оқыту – 40 кредит; эксперименттік-зерттеу жұмысы (оның ішінде тағылымдама) – 8 кредит; қорытынды аттестаттау – 12 кредит.

Білім беру бағдарламасы «7M042 – Құқық» бағыты бойынша оқу мерзімінің толық кезеңіне мемлекеттік және орыс тілдерінде әзірленіп, МЖМС талаптарына сәйкес жасалған.

МЖМС-тың 47-тармағына сәйкес Академия білім беру бағдарламасы негізінде Оқу жоспарын (бұдан әрі – ОЖ) әзірледі, онда әрбір оқу пәнінің тізбесі мен көлемі, оқыту тәртібі, сабақ түрлері мен бақылау формалары анықталған. ОЖ Ғылыми кеңестің шешімімен (2024 жылғы 28 тамыздағы № 1 хаттама) мақұлданды және Академия ректорының м.а. тарапынан бекітілді (білім беру бағдарламасы мен ОЖ Қорытындыға қоса беріледі).

14.2-тармақша. Бағалау критерийлері (оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттер кітапханалық қорының болуы).

Кітапхана оқу ғимаратында орналасқан, жалпы ауданы 108,1 м², 1 оқу залы бар және 1 абонементтік пункт қарастырылған. Отыратын орындықтар саны – 20, оның ішінде компьютермен жұмыс істеуге – 10 орын.

Магистратураның білім беру бағдарламасындағы пәндер қажетті оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттермен баспа және (немесе) электрондық форматта толық көлемде (100%) қамтамасыз етілген.

«7M04201 – Сот және сот төрелігі» білім беру бағдарламасы бойынша оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттер қоры туралы мәліметтер (негізгі және бейінді пәндер бойынша) Қорытындыға қосымша ретінде беріледі (Қорытындыға 3 Қосымша).

Кітапхананың ақпараттық инфрақұрылымы профессор-оқытушылар құрамының ғылыми еңбектері, оқулықтар, монографиялар, диссертациялар, ғылыми журналдар, мерзімді басылымдар мен электрондық тасымалдағыштардағы материалдардан тұрады. Академия оқытушылары еңбектерінің қоры – 158 дана, оның ішінде 16 данасы мемлекеттік тілде. Жыл сайын Академияда орта есеппен 11 атаудан астам мамандандырылған,

ғылыми, ғылыми-көпшілік, көркем әдебиет және басқа да мерзімді басылымдарға жазылу жүргізіледі. Мерзімді басылымдар қоры барлығы – 18 атаудан, 18 жинақтан тұрады.

Академия пайдаланушыларына отандық және шетелдік ақпарат иелерінің лицензиялық деректер базасына қолжетімділік қамтамасыз етілген: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (01.11.2024 ж. Ынтымақтастық туралы шарт), А.К. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты (01.03.2025 ж. Кітапханалық қызмет көрсету туралы шарт), ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы (17.03.2025 ж. Шарт), Maqsut Narikbayev University (10.02.2025 ж. Меморандум) (*Қорытындыға қоса беріледі*). Академияда оқу әдебиеттері қоры жыл сайын жаңартылып отырады (*құжаттар Қорытындыға қоса беріледі*). 2024–2025 оқу жылында 115 дана баспа ресурстары келіп түсті, бұл білім беру бағдарламасы пәндері қорының 18,14%-ын құрайды.

14.3-тармақша. Бағалау критерийлері (*медициналық қызметпен қамтамасыз ету*)

Академияда медициналық қызмет көрсетіледі, толық жабдықталған медициналық пункт бар (*Қорытындыға 4-қосымша*).

Медициналық кабинет оқу ғимаратының екінші қабатында орналасқан, мекенжайы: Астана қ., Бейбітшілік көшесі, 46, жалпы ауданы – 15 м². Желдету табиғи (терезе және есіктер арқылы), жасанды (механикалық тәсіл) жолдармен жүргізіледі. Жарықтандыру табиғи және жасанды. Медициналық кабинет бір бөлмеден тұрады. Медициналық кабинетте (қабылдау): медициналық шкаф, бактерицидті шам, үстел, кушетка және қажетті құрал-жабдықтар бар. Су құбыры арқылы суық және ыстық суы бар раковина орнатылған.

Медициналық қызметкер туралы мәліметтер: медбике – Садвакасова Жазира Сембайқызы, «Семей қаласы Д. Қалматаев атындағы мемлекеттік медициналық колледжін» «Мейірбике ісі» мамандығы бойынша «Жалпы тәжірибелік мейірбике» біліктілігімен 2003–2007 жж. аралығында тәмамдаған, диплом 02.03.2007 ж. берілген, сериясы ОАБ № 0079887, Семей қ. Астана қаласы әкімшілігінің Медициналық колледжі – қолданбалы бакалавр. «Қарағанды Медициналық университеті» КеАҚ-ның – денсаулық сақтау бакалавры. «Жалпы мейірбикелік технологиялар» циклы бойынша 14.08.2020 ж. берілген Біліктілікті арттыру туралы куәлік № 587. Мамандандырылған сертификат – 24.01.2022 ж. (24.01.2027 ж. дейін жарамды), тіркеу №: KZ04VBM01666620.

07.04.2025 жылы Академия медициналық қызметке № 25010379 лицензия алған. Лицензия қосымшасында мынадай қызмет түрлері көрсетілген: алғашқы медициналық-санитарлық көмек; дәрігерге дейінгі көмек (*Қорытындыға қоса беріледі*).

05.03.2025 ж. № KZ06VWF00307637 «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Астана қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің санитариялық-эпидемиологиялық

бақылау департаментінің Астана қаласы Сарыарқа ауданының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ берген Санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды *(Қорытындыға қоса беріледі)*.

Санитарлық ережелердің 138-тармағына сәйкес Медициналық кабинет санитарлық нормаларға сәйкес қажетті жабдықтармен қамтылған.

Сонымен қатар, 2025 жылғы 15 сәуірде № 3 қалалық емханамен білім алушылар мен жұмыскерлерге медициналық қызмет көрсетуге шарт жасалынған. Шарттың мәні: алғашқы медициналық көмек көрсету, емдеу және оңалту, білім алушылардың медициналық тексерулер, оқытушылар құрамын және техникалық жұмыскерлерді профилактикалық тексеру.

14.4-тармақша. Бағалау критерийлері *(білім алушылардың тамақтануына жағдай жасау)*

Академия аумағында асхана орналасқан және жұмыс істейді (ғимараттың 1-қабатында) *(Қорытындыға 5-қосымша)*.

Асхана жұмыс жағдайындағы орталық кәріз, желдету және ауаны кондициялау жүйелерімен жабдықталған. Су құбырларының санитарлық-техникалық жағдайы қанағаттанарлық. Жарықтандыру табиғи және жасанды, шамдар плафондармен қамтамасыз етілген. Желдету механикалық тәсілмен жүргізіледі. Асханада келесі үй-жайлар бар: үлестіру бөлімі, ыдыс жуу бөлмесі, құрғақ өнімдер қоймасы, тоңазытқыш жабдықтары бар тез бұзылатын өнімдер қоймасы, тұрмыстық бөлме, персонал бөлмесі. Асхана залының жобалық сыйымдылығы – 40 орын. Кіру алдында қол жууға арналған суық және ыстық суы қосылған раковиналар, сабын, қол кептіргіш құралдары және антисептиктер орнатылған. Асхана үстелдері жуғыш және дезинфекциялық құралдармен өңдеуге мүмкіндік беретін гигиеналық жабынмен қамтамасыз етілген. Тазалауға арналған құралдар белгіленген және жеке бөлмелерге бекітілген, арнайы орындарда сақталады. Санитарлық тораптарға арналған құралдардың арнайы белгілері бар.

Асханаға екі кіру есігі бар: қызметтік және өндірістік.

Мемлекеттік мүлікті жалға беру туралы шарт ДК Умматалиева Жумагүл Бегалиевнамен 2022 жылғы 22 сәуірде № 34326-ЭТП жасалған. «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің Астана қаласы санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің Астана қаласы Сарыарқа ауданының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ-мен 2024 жылғы 16 ақпанда берілген № Z.03.X.KZ14VWF00140071, Асханаға арналған санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысы бар *(Қорытындыға қоса беріледі)*.

14.5-тармақша. Бағалау критерийлері *(қажетті материалдық активтердің, ғимараттардың (оқу корпустарының) болуы)*

- көлемі Санитариялық қағидаларға сәйкес оқу аудиториялары бар;

Магистратурада білім беру қызметін жүзеге асыру үшін меншік құқығында (2025 жылғы 12 сәуірдегі №101000122444336 жылжымайтын мүліктің бар (жоқ) екендігі туралы анықтамаға сәйкес) мына мекенжайда:

Астана қ., Сарыарқа ауданы, Бейбітшілік к-сі, 46-үй орналасқан оқу корпусы – 1 бірлік және оған тиесілі жер учаскесімен *(растайтын құжаттар Қорытындыға қоса беріледі)*.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқу процесі үш қабатты оқу корпусында қамтамасыз етіледі.

Оқу корпусында мыналар бар: 4 оқу аудиториясы (№202 аудитория – 65,9 шаршы м., №203 – 77,5 шаршы м, №219 – 21,9 шаршы м, №304 – 30,4 шаршы м), 2 сот отырысы залы (№217 аудитория – 52,5 шаршы м. және №305 – 53 шаршы м.), 1 кітапхана (73,1 шаршы м, оның ішінде 1 оқу залы және 1 абонементтік пункт, 20 отыратын орын және Интернет желісіне қосылған компьютерлермен жұмыс істеуге арналған 10 үстел), 1 компьютерлік сынып (56,1 шаршы м, 40 отыратын орын), 1 спорт залы (203,6 шаршы м.).

Оқу аудиторияларының көлемі отырғызу орындарымен есептегенде Санитариялық қағидаларға сәйкес келеді, әр аудитория компьютермен, веб-камералармен, теледидар экрандарымен, маркерлік тақталармен жабдықталған. Бір кабинет (№303) бейнеконференцбайланыс жүйесімен жабдықталған.

Пайдалы оқу аумағы және материалдық-техникалық базаның болуы туралы мәліметтер *(Қорытындыға 6-қосымша)* қоса беріледі.

- *Өрт қауіпсіздігі қағидаларына сәйкес;*

Өрт дабылын техникалық қызмет көрсету қамтамасыз етілген (Академия мен «Center Qazaq International» ЖШС арасындағы 17.01.2025 ж. қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт) *(Қорытындыға қоса беріледі)*.

2021 жылғы 14 мамырдағы №49 өрт қауіпсіздігі саласында сәйкестікті тексеру нәтижелері туралы акт бар, онда қауіпсіздік қағидаларын бұзушылықтар анықталмаған *(Қорытындыға қоса беріледі)*.

- *Ғимараттар мен іргелес аумақтардың бейнебақылаумен қамтамасыз етілуі;*

Ғимарат ішінде және іргелес аумақта бейнебақылау жүргізіледі (Dahua бейнетіркеуіш моделі: DHI-NVR4108-4KS2/L, бейнежазбаны кемінде 30 тәулік сақтауға мүмкіндік береді, IP камера). Оқу корпусында барлығы 31 бейнекамера орнатылған, олардың ішінде: ішкі – 26, сыртқы – 5.

Бейнебақылау жүйесіне техникалық қызмет көрсетуді Академияның Ақпараттық технологиялар қызметінің мамандары жүзеге асырады. Камералардың орналасуы:

- ғимараттың кіреберісіне – 2 бейнекамера;
- оқу орны аумағында, автотұрақты және іргелес жолдарды қоса алғанда – 5 бейнекамера;
- білім беру ғимаратының дәліздерінде, қоймада және серверлік бөлмеде – 8 бейнекамера;
- дәрісханаларда, кітапханада және компьютерлік сыныпта – 16 бейнекамера.

Бейнекамералардың техникалық сипаттамасы: дәліздер мен аудиториялардағы камералар – 1080р рұқсаты бар, түнгі көру мүмкіндігі, көру бұрышы 90 градус, жазу мүмкіндігі бар; іргелес аумақтағы камералар – 2 мп рұқсаты бар, түнгі көру мүмкіндігімен.

Барлық камералар жергілікті желіге қосылған және қашықтан бақыланады.

- Шағын эпидемиологиялық маңызы бар нысанды пайдалануды (қызметті) бастау туралы хабарламаның болуы;

Шағын эпидемиологиялық маңызы бар нысанды пайдалануды (қызметті) бастау және тоқтату туралы хабарлама алынған (2024 жылғы 28 қазан №KZ08UWP00071131) (Қорытындыға қоса беріледі).

- криминалистикалық полигон мен сот отырысы залының болуы;

Оқу корпусында криминалистикалық полигон – 1 бірлік (№211 аудитория – 53,6 шаршы м.) бар. Криминалистикалық полигон компьютермен, проектормен, арбасы бар мотоциклмен, бағдаршаммен, жол белгілерімен, қалқанмен, дулығамен, бронежилетпен, манекенмен, оқиға болған жерді қарауға арналған арнайы құралдар мен жабдықтар жинағы бар криминалистикалық чемоданмен, стендтермен, жарықтандырғыштармен, детектормен және т.б. жабдықталған (растайтын құжаттар Қорытындыға қоса беріледі).

Криминалистикалық полигон магистранттар мен докторанттардың таным үдерісін қамтамасыз ететін техникалық-криминалистикалық құралдарды қолдана отырып ғылыми зерттеулер жүргізуіне арналған.

Білім алушылар дәлелдемелерді жинауға, зерттеуге және бағалауға тікелей қатысу мүмкіндігіне ие. Тікелей қатысу оқытуды криминалистикалық полигонда ғылыми-техникалық құралдарды, объектілерді баллистикалық, трасологиялық зерттеу әдістерін қолдана отырып, жедел-ізвестіру іс-қимылдарын, атап айтқанда ОБЖҚ, тінту жүргізумен және т.б. байланысты.

Оқу корпусында 2 арнайы аудитория бар – «Сот отырысы залы» (№217 аудитория – 52,5 шаршы м. және №305 аудитория – 53 шаршы м.), әр зал сот отырыстарын өткізуге арналған жабдықтармен қамтамасыз етілген (судья үстелі – 1 дана, судья орындығы – 1 дана, хатшы үстелі – 1 дана, хатшы орындығы – 1 дана, трибуна – 1 дана, алқалы сот президиумы – 1 дана, келушілерге арналған орындық – 16 дана, флипчарт – 1 дана, бейнебақылау камерасы – 1 дана, елтаңба – 1 дана, ту – 1 дана, судья мантиясы – 1 дана).

14.6-тармақша. Бағалау критерийлері (ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін тең жағдайлар мен кедергісіз қолжетімділікті қамтамасыз ету)

БілТ-нің 6-тармағына сәйкес бұл талаптар Сот төрелігі академиясына қолданылмайды. Кіру тобы пандуспен жабдықталған.

14.7-тармақша. Бағалау критерийлері (кең жолақты интернетке қолжетімділік, қажетті материалдық-техникалық база, басқарудың ақпараттық жүйесінің болуы)

- кең жолақты интернетке қолжетімділік;

Академия магистранттарына барлық оқу аудиторияларында және кітапханада кең жолақты интернет қолжетімді (Академия мен «Қазақтелеком» АҚ арасындағы 2025 жылғы 13 ақпандағы №29 шарт) *(Қорытындыға қоса беріледі).*

- білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін қажетті компьютерлік кабинеттердің, компьютерлердің, мамандандырылған лицензияланған бағдарламалық жасақтаманың болуы.

Білім беру процесін қамтамасыз ету үшін компьютерлік сынып – 1 бірлік (56,1 шаршы м, 40 компьютер), кітапхана – 1 бірлік (73,1 шаршы м., абонемент бөлімі, 20 отыратын орындық бар оқу залы, интернет желісіне қосылған 10 компьютер), білім алушылардың жұмыс аймағы – 1 бірлік (2 компьютермен жабдықталған).

Сонымен қатар, Академияда ғылыми-білім беру қызметін цифрландыру аясында келесі ақпараттық жүйелер жұмыс істейді:

1) Академияның профессорлық-оқытушылар құрамы мен білім алушылары үшін «Platonus 6.0» ақпараттық жүйесі (Академия мен «Platonus» ЖШС арасындағы 2025 жылғы 14 ақпандағы №38 шарт) *(Қорытындыға қоса беріледі).* Жүйе оқу процесін кешенді автоматтандыруға мүмкіндік береді: оқу процесін бақылау және басқару, қызметтерге тәулік бойы қолжетімділікті қамтамасыз ету, есептік деректерді қалыптастыру және оқу саясатының ашықтығын жүргізу.

2) Microsoft Teams платформасы.

Бұл бейнеконференцбайланыс форматында жиналыстар ұйымдастыруға арналған корпоративтік платформа.

Microsoft-пен келісім бойынша, Академияға оқытушылар үшін 500 мың және білім алушылар үшін 1 млн лицензия тегін берілді. Осылайша, Академияның әрбір қызметкері мен білім алушысы шектеусіз онлайн жиналыстарға қатысуға және оларды ұйымдастыруға мүмкіндік беретін жеке есептік жазбаға ие.

Платформа Microsoft Office 365 кеңселік пакетінің бөлігі болып табылады және оның басқа өнімдерімен (Word, Excel, PowerPoint, OneNote, Power BI, Stream және т.б.) интеграцияланған.

Әр пайдаланушыға OneDrive сервисінде бұлттық кеңістік беріледі. Онлайн оқытудан бөлек, платформа дөңгелек үстелдер, конференциялар, семинарлар, жиналыстар және басқа іс-шараларды өткізу үшін белсенді қолданылады.

3) Электрондық кітапхана каталогы URL: <https://megapro.mnu.kz/MegaPro/Web> (Академия мен Maqsut Narikbayev University арасындағы 2025 жылғы 10 ақпандағы өзара іс-қимыл туралы меморандум).

Бұл Академия кітапханасының электрондық каталогына қашықтан қолжетімділікке арналған веб-сервис. Қазақстандық автоматтандырылған кітапханалық ақпараттық жүйесінің электрондық каталогы бойынша

қашықтан іздеуді қамтамасыз етеді.

4) Онлайн-анкета жүргізу жүйесі.

Электрондық форматта сауалнама жүргізуге арналған жүйе.

Жүйеде логикалық ауысуларды қоса алғанда, түрлі күрделілік деңгейіндегі анкеталарды құрудың кең функционалы бар. Жүйе 29 сұрақ түрін қолдайды. Фото және бейнемазмұнды қолдану мүмкіндігі бар. Сауалнамаға қолжетімділік ашық немесе шектеулі болуы мүмкін. Нәтижелер кестелік және графикалық түрде қалыптастырылады.

Академияның интернет-ресурстары:

1) Академияның ресми сайты – <https://sta.edu.kz>

Сайт Академия қызметінің негізгі бағыттарына сәйкес ыңғайлы навигацияны қамтиды. Сайт бөлімдері: Академия туралы (Академияның тарихы, басшылық, құрылым, Академия қызметін реттейтін құқықтық актілер, ашық деректер, мемлекеттік рәміздер және бос орындар туралы мәліметтер); Қабылдау (қабылдау ережелері мен талапкерлер үшін ақпарат); білім алушыларға (академиялық күнтізбе, контингент, бұйрықтар, сабақ және емтихан кестесі, аралық бақылау, қашықтан оқытуды ұйымдастыру регламенттері мен ұсынымдар, білім беру бағдарламасының паспорты); түлектерге (түлектер туралы мәліметтер, біліктілік емтиханы мен тестілеу туралы ақпарат); зерттеулер (конференциялар мен форумдардың нәтижелері бойынша жарияланған ғылыми жинақтар туралы мәліметтер); Ынтымақтастық (серіктестер, соның ішінде шетелдік ұйымдар туралы ақпарат); ақылы курстар (жоспарланған курстар туралы ақпарат, нұсқаулар және қатысу алгоритмі); байланыстар (Академия басшылығының байланыс телефондары мен жеке қабылдау кестесі). Басты бетте ағымдағы іс-шаралар туралы барлық ақпарат көрсетіледі, сондай-ақ ҚР Жоғары Сот Кеңесі, ҚР Жоғарғы Соты және Астана қаласының соты сайттарына жылдам өту мүмкіндігі бар.

Сайт «7М04201 – Сот және сот төрелігі» бейінді магистратурасының білім беру бағдарламасының бірегей артықшылықтары туралы толық ақпаратты, сондай-ақ жоғары оқу орнының білім алушыларға және тәжірибеге бағытталған қызметін ұсынады.

Сонымен қатар, Академияның әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларын (YouTube, Instagram, Facebook) сүйемелдеу жүргізіледі: өзекті контент жариялау, Академия іс-шараларын жария ету, білім беру бағдарламаларына ақпараттық қолдау көрсету және жазылушылармен өзара әрекеттесу.

2) «Сот төрелігі академиясының хабаршысы» журналының сайты – <https://vestnik.sta-jsk.kz>

Заң ғылымының әртүрлі салаларында, оның ішінде сот билігі мен соттық білім мәселелеріне қатысты ғылыми мақалаларды интернет желісінде жариялау.

- білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін қажетті оқу-зертханалық және материалдық-техникалық база, оқытуға арналған техникалық құралдар мен жабдықтардың болуы.

Оқу корпусында мыналар бар: 4 оқу аудиториясы (№202 – 65,9 шаршы м., №203 – 77,5 шаршы м., №219 – 21,9 шаршы м., №304 – 30,4 шаршы м.), 2 сот отырысы залы (№217 – 52,5 шаршы м., №305 – 53 шаршы м.), 1 кітапхана (73,1 шаршы м, 1 оқу залымен, 1 абонементтік пунктпен, 20 отыратын орынмен және интернет желісіне қосылған компьютерлермен жұмыс істеуге арналған 10 үстел), 1 компьютерлік сынып (56,1 шаршы м, 40 отыратын орын), 1 спорт залы (203,6 шаршы м).

Оқу аудиториялары Санитариялық қағидаларға сәйкес отырғызу орындарының есебінен ауданы анықталған, әр аудитория компьютермен, вебкамералармен, теледидар экрандарымен, маркерлік тақталармен жабдықталған. Бір аудитория (№303) бейнеконференцбайланыс жүйесімен жабдықталған.

Оқу корпусында криминалистикалық полигон – 1 бірлік (№211 аудитория – 53,6 шаршы м.) бар. Полигон 1 компьютермен, 1 проектормен, криминалистикалық чемоданмен және оқиға болған жерді қарауға арналған арнайы құралдармен жабдықталған. Полигон магистранттар мен докторанттардың ғылыми зерттеулерін жүргізуге арналған және дәлелдемелерді жинау, зерттеу, бағалау процесін қамтамасыз етеді. Бұл қатысу объектілерді баллистикалық, трасологиялық зерттеу әдістерін, тергеу әрекеттерін (оқиға болған жерді қарау, тінту және т.б.) қолдана отырып жүзеге асырылады.

Оқу корпусында 2 арнайы аудитория бар – «Сот отырысы залы» (№217 – 52,5 шаршы м және №305 – 53 шаршы м), әр зал мына жабдықтармен қамтамасыз етілген: судья үстелі – 1 дана, судья орындығы – 1 дана, хатшы үстелі – 1 дана, хатшы орындығы – 1 дана, трибуна – 1 дана, алқалы сот президиумы – 1 дана, келушілерге арналған орындық – 16,5 дана, флипчарт – 1 дана, бейнебақылау камерасы – 1 дана, елтаңба – 1 дана, ту – 1 дана, судья мантиясы – 1 дана.

Оқу аудиториялары компьютерлермен, вебкамералармен, телеэкрандармен, маркерлік тақталармен жабдықталған. Бір аудитория (№303) бейнеконференцбайланыс жүйесімен жабдықталған.

Оқу процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы мәліметтер мен құжаттар, оның ішінде компьютерлердің, зертханалық жабдықтардың, оқытуға арналған техникалық құралдардың, бағдарламалық жасақтаманың және ақпараттық жүйелердің болуы туралы мәліметтер *(Қорытындыға 7-қосымша)* қоса беріледі.

-білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің болуы
Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандарға сәйкес өзекті дерекқорлары бар. Академия үшін – ЖБББП бойынша жеке нысандар.

Академия Жоғары білім берудің бірыңғай платформасына қол жеткізе алады. Келесі деректер қалыптастырылған: ЖОО паспорты туралы жалпы

мәліметтер, аккредитация туралы мәліметтер, материалдық-техникалық база туралы мәліметтер, бағдарлама мен оқу мерзімі туралы мәліметтер, профессорлық-оқытушылар құрамы мен білім алушылардың сандық деректері, түлектер туралы мәліметтер, білім алушылар туралы мәліметтер.

- *edu.kz аймағында үшінші деңгейлі домендік атаудың болуы;*

Академияда edu.kz аймағында үшінші деңгейлі домендік атау бар (Академия мен «Талдау» АҚ арасындағы 2025 жылғы 17 қаңтардағы №1 шарт) (*Қорытындыға қоса беріледі*).

14.8-тармақша. Бағалау критерийлері (*ПОҚ-тың біліктілікті арттырудан өтуін қамтамасыз ету*)

- *ЖОО басшылары мен оның орынбасарының менеджмент саласында біліктілігін арттыруын қамтамасыз ету.*

БілТ-ға сәйкес менеджмент саласында 36 сағат көлемінде біліктілікті арттырудан Академияның ректоры м.а. К.К. Мусин 2025 жылғы 20-31 қаңтар аралығында «Go up» кәсіби даму орталығында өтті (сертификат тіркеу №12).

- *ПОҚ-тың біліктілікті арттырудан өтуін қамтамасыз ету.*

Магистратурада кадр даярлауды жүзеге асыратын ПОҚ БілТ-нің талаптарына сәйкес келеді, оқытылатын пәндердің бейіні бойынша немесе оқыту әдістемесі бойынша көлемі кемінде 36 академиялық сағат болатын біліктілікті арттыру курстарынан өтуді растайтын тиісті сертификаттар және курстың қорытындысы бойынша есептер ұсынылады.

Пән бейіні бойынша ПОҚ-тың және Академия басшыларының менеджмент саласында біліктілікті арттыруы туралы мәліметтер қоса беріледі (*Қорытындыға №8-қосымша, растайтын құжаттар (сертификаттар, КПК қорытынды есептері)*).

Жалпы Академия ПОҚ-тың кәсіби деңгейін арттыру шараларын жүзеге асырады, олар жоспарлы негізде біліктілікті арттыру курстарынан өтіп, өзге де білім беру іс-шараларына қатысады.

2024-2025 оқу жылы ішінде ПОҚ және Академия жұмыскерлері Академия, өзге де ЖОО-лар, ғылыми ұйымдар, халықаралық ұйымдар (БҰҰ, ЕО) ұйымдастырған бірқатар ғылыми-білім беру іс-шараларына (халықаралық және республикалық ғылыми-тәжірибелік және ғылыми-теориялық конференциялар, ғылыми семинарлар, форумдар және т.б.) қатысты.

14.9-тармақша. Бағалау критерийлері (*мамандандырылған ғылыми-техникалық және (немесе) ғылыми-әдістемелік және (немесе) эксперименттік базамен қамтамасыз етілуі*)

Білім беру және ғылыми қызмет үш ғылыми-білім беру орталығының базасында қамтамасыз етіледі: мемлекеттік-құқықтық пәндердің, азаматтық-құқықтық пәндердің және қылмыстық-құқықтық пәндердің.

Сонымен қатар, сабақтар арнайы аудиторияларда өткізіледі: криминалистикалық полигон және сот отырысы залдары.

Кримполигон қылмыстық істерді қарау кезінде судьялардың қызметін оңтайландыруға бағытталған ғылыми зерттеулер жүргізу үшін арналған.

Қылмыстық істерді қарау, ең алдымен, дәлелдемелерді жинау, зерттеу, бекіту, ұсыну және бағалау тиімділігіне байланысты дәлелдеу процесімен байланысты.

Осы мақсатқа жету үшін кримполигонның жабдықталуы қылмыстық оқиғаны қарау жағдайын қайта жаңғыртуға, атап айтқанда жол-көлік оқиғасына бағытталған, өйткені бұл тергеу әрекеті қылмыстық әрекеттің механизмі туралы ақпарат беретін бастапқы, шұғыл әрекет болып табылады.

Жол-көлік оқиғасы орнын қайта жаңғырту жаяу жүргіншіні қағу жағдайын бейнелеумен байланысты, іздердің қалыптасу заңдылықтарын көрсету арқылы, бұл кейінгі криминалистикалық зерттеулер жүргізу үшін қажет. Осыған байланысты кримполигон келесі құралдармен жабдықталған: көліктің VIN-кодын анықтауға арналған құралдар, құжаттардың техникалық сараптамасы, қолтаңба сараптамасы үшін аспаптар. Қолданылатын криминалистикалық зерттеу әдістерін білу дәлелдемелерді бағалаудың тиімділігіне, олардың шынайылығын, рұқсат етілуін және қатыстылығын анықтауға ықпал етеді.

Сонымен қатар, криминалистикалық полигон ультракүлгін және инфрақызыл сәулелендіргішпен, бағалы металдарды анықтайтын детектормен жабдықталған.

Криминалистикалық полигон интерактивті оқыту бағдарламалық өнімімен – «Пирогов» интерактивті анатомиялық үстелімен қамтамасыз етілген, ол білім алушыларға сот-медицина, баллистика бағытындағы зерттеулер бойынша оқыту логикасын құруға мүмкіндік береді, мәтіндік ақпарат алудан бастап алынған білім сапасын тексеруге дейін. Сонымен қатар, кримполигонда сөздік портрет әдісі бойынша фоторобот жасауға арналған проектор мен компьютер бар, бұл да адамның сыртқы белгілері бойынша тұлғаны анықтауға мүмкіндік береді.

Кримполигонда кеңестік кезең мен қазіргі Қазақстанның көрнекті криминалист-ғалымдарының портреттік галереясы бар.

Кримполигон Академияның ғылыми-педагогикалық қызметін қылмыстық істерді әділ қарау кезінде жоғары білікті судьялық кадрларды даярлауға бағытталған ғылыми-техникалық, техникалық-криминалистикалық құралдармен қамтамасыз етеді.

«Сот отырысы залы» арнайы аудиторияларында «7М042 – Құқық» бағыты бойынша кадр даярлау білім беру бағдарламасы пәндері бойынша практикаға бағытталған сабақтар өткізіледі.

Осылайша, Академияда кадрларды даярлау қызметі мамандандырылған ғылыми-техникалық, ғылыми-әдістемелік және эксперименттік базалармен қамтамасыз етілген.

Мамандандырылған ғылыми-техникалық / ғылыми-әдістемелік / эксперименттік базаның болуы туралы мәліметтер қоса беріледі (*Қорытындыға 9-қосымша*).

14.10-тармақша. Бағалау критерийлері (*білім алушылардың тұруына жағдай жасау, Санитарлық ережелер талаптарына сай жатақханалармен*

қамтамасыз ету)

Білт-ның 11-тармағына сәйкес бұл талап Академияға қолданылмайды. Сонымен бірге, Академия магистранттары жыл сайын Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының жатақханасынан орындармен қамтамасыз етіледі.

14.11-тармақша. Бағалау критерийлері (плагиаттың бар-жоғын тексеру үшін компьютерлік бағдарламаны пайдалану; берілген білім беру құжаттарының электрондық деректер базасының (мұрағат) болуы)

- плагиаттың бар-жоғын тексеру үшін компьютерлік бағдарламаны пайдалану.

Білт-ның 12-тармағына сәйкес бұл талап Академияға **қолданылмайды.**

Сонымен бірге, академиялық адалдықты сақтау мақсатында Академия мәтіндегі сөздер мен сөз тіркестерін мағынасын өзгертпей синонимдік ауыстыру арқылы пайдалануды (парафраз), өзге тілден аударылған мәтінді пайдалануды қоса алғанда, плагиаттың бар-жоғын тексеру үшін ақпараттық ресурстарға қолжетімділік сатып алды. Осы мақсатта Академия 2025 жылғы 01 сәуірдегі №70 мемлекеттік сатып алу туралы шартты «Антиплагиат.Казахстан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен жасасты (Қорытындыға қоса беріледі).

Плагиатты анықтау бойынша тексеру жүргізу тәртібі магистрлік жобаны жазу жөніндегі нұсқаулықта, Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Сот төрелігі академиясының Сараптамалық комиссиясы туралы Ережеде регламенттелген, олар Академия ректоры м.а.-ның 2024 жылғы 29 қарашадағы №06-01-25/87 бұйрығымен бекітілген.

- берілген білім беру құжаттарының электрондық деректер базасының (мұрағат) болуы

- дипломдық жұмыстардың (жобалардың), магистрлік диссертациялардың электрондық деректер базасының (мұрағат) болуы.

Білт-ның 12-тармағына сәйкес бұл талап Академияға **қолданылмайды.**

5.2. «Магистр» дәрежесін беру арқылы жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін ӘАЖОО-ның білім беру қызметіне қойылатын бейіндік біліктілік талаптары:

16.1-тармақша. Бағалау критерийлері (білім беру және (немесе) ғылыми және (немесе) ғылыми-білім беру және (немесе) ғылыми-өндірістік орталықтармен кадр даярлау бағыты бойынша ынтымақтастық туралы шарттардың (келісімдердің), сондай-ақ шетелдік кеңесшілерді тарту туралы шарттардың (келісімдердің) болуы)

Білт-ның 20-тармағына сәйкес бұл талап Академияға **қолданылмайды.**

Сонымен қатар, бүгінгі күні (Академияны Кеңес қарамағына беру сәтінен бастап) Германия, Висмар қ. қолданбалы ғылымдар университетімен, (2025 жылғы 27 қаңтар), «В.Ф. Яковлев атындағы Орал мемлекеттік заң

университеті» Федералдық мемлекеттік бюджеттік жоғары білім беру мекемесімен (2025 жылғы 20 қаңтар), Әзербайжан Республикасы Бас прокуратурасының Ғылыми-оқу орталығымен (2025 жылғы 21 мамыр), «Саратов мемлекеттік заң академиясы» ФМБОУ ВО-мен (2025 жылғы 09 шілде) ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойылды (*Қорытындыға қоса беріледі*). Меморандумдар аясында өз мәртебесі және өз өкілеттіктері шегінде білім беру, ғылыми-зерттеу және инновациялық салаларда ынтымақтастықты жүзеге асыру жөнінде келісімдерге қол жеткізілді.

Білт-ның 23-тармағына сәйкес магистранттардың ғылыми жетекшілігіне шетелдік кеңесшілерді тарту талап етілмейді. Осыған байланысты магистранттарға ғылыми жетекшілікті Академияның профессор-оқытушылар құрамы жүзеге асырады (*толық ақпарат 16.3-тармақшасында көрсетілген*).

16.2-тармақша. Бағалау критерийлері (*білім беру бағдарламасының пәндеріне сәйкес келетін оқытушылардың болуы*)

Академия «магистр» дәрежесін беру арқылы жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын ЖЖОКББҰ қызметіне арналған Білт-ның 21-тармағының талаптарын толық көлемде сақтайды.

ПОҚ 32 адамнан тұрады, оның ішінде штаттық – 11 адам, олардың ішінде 2 ғылым докторы (заң ғылымдарының – 1, философия ғылымдарының – 1), 7 ғылым кандидаты (заң ғылымдарының – 6, философия ғылымдарының – 1), «Құқықтану» мамандығы бойынша 2 PhD докторы бар. Штаттық оқытушылардың ғылыми дәрежеге ие болу көрсеткіші – 100%.

Негізгі жұмыс орны лицензия ұстаушы болып табылатын оқытушылардың үлесі – 34%. ПОҚ құрамында қоса жұмыс атқаратын жұмыскерлердің басым болуы оқытудың тәжірибеге бағытталуымен және сот ісін жүргізудің әртүрлі нысандарын білуді талап ететін оқу пәндерінің болуымен байланысты, бұл өз кезегінде судьялар, отставкадағы судьялар және сот жүйесінің қызметкерлері тарапынан оқытуды көздейді.

Магистратураның білім беру бағдарламасының пәндері оларды оқытатын оқытушылармен қамтамасыз етілген, олардың білімі, ғылыми дәрежесі және/немесе ғылыми атағы оқытылатын пәндердің бейініне сәйкес келеді (*Қорытындыға 10-қосымша қоса беріледі*).

16.3-тармақша. Бағалау критерийлері (*ғылыми жетекшілік жүргізу*)

Оқу қызметімен қатар, жоғары оқу орны жүзеге асыратын негізгі қызмет түрлерінің бірі – ғылыми қызмет. Академияны дамыту тұжырымдамасына сәйкес, ЖОО өзін сот билігі мен сот төрелігі саласында зерттеулер жүргізетін ғылыми орталық ретінде ұстанады. Академияның сот білім беру саласындағы жетекші ғылыми мекеме ретіндегі рөлін күшейту сот жүйесіне инновациялық шешімдерді әзірлеуге және енгізуге ықпал етеді.

Академия ПОҚ-ы пен магистранттарының ғылыми-зерттеу жұмыстарының тәжірибеге бағытталуы сот практикасының сұраныстарына жауап беретін зерттеулер жүргізу, оның қажеттіліктерін мониторингтеу,

магистрлік жобалардың тақырыптарын Жоғарғы Сотпен, жергілікті соттармен және Кеңеспен келісу, сондай-ақ ғылыми жетекшілікке судьяларды және отставкадағы судьяларды тарту арқылы қамтамасыз етіледі. Магистрлік жобаларға жетекшілік ету үшін ғылыми мүдделері және/немесе тиісті ғылыми зерттеу тақырыптары бойынша практикалық тәжірибесі бар оқытушылар тартылады. БілТ-ның 23.2-тармағына сәйкес, магистранттарға ғылыми жетекшілікті лицензия ұстаушыда негізгі жұмыс орны болып табылатын, кадрлар даярлау бағыты бойынша жұмыс істейтін, ғылыми-педагогикалық қызмет өтілі кемінде 3 (үш) жыл болатын, кадрлар даярлау бейіні бойынша отандық басылымдарда және халықаралық конференциялар еңбектерінде ғылыми жарияланымдары бар, ғылыми дәрежесі және (немесе) философия докторы (PhD)/профиль бойынша докторлық дәрежесі бар оқытушы немесе судья, не отставкадағы судья, немесе тиісті ғылым саласының білікті маманы жүзеге асырады. Академияның ПОҚ-ы бұл талаптарға толық сәйкес келеді: барлық штаттық оқытушылар ғылыми дәрежеге ие, қоса жұмыс атқарушы ретінде тартылған практик мамандар – судьялар немесе отставкадағы судьялар (*Қорытындыға 11-қосымша қоса беріледі*).

Ғылыми-білім беру орталықтары БілТ талаптарына сәйкес ғылыми жетекшілер пулын қалыптастырады (<https://sta.edu.kz/wp-content/uploads/2025/01/pul-lektorov-russ.pdf>).

2024-2025 оқу жылында ғылыми жетекшілерді бекіту МЖМС талаптарына және 2024 жылғы 29 қарашадағы № 06-01-25/87 ректордың м.а. бұйрығымен бекітілген Магистрлік жобаны жазу жөніндегі нұсқаулықпен (ары қарай – Нұсқаулық) (<https://sta.edu.kz/wp-content/uploads/2024/12/16-magisterskij-proekt-russ.pdf>) сәйкес жүргізілді.

2024-2025 оқу жылында сот жүйесінің қажеттіліктерін мемлекеттік бағдарламалар мен стратегиялық құжаттардың ережелерін ескере отырып зерделеу, сондай-ақ сот тәжірибесін ғылыми талдау мен жалпылауды жүргізу мақсатында ПОҚ ЖСК, ЖС және облыстық соттармен бірлесіп, магистрлік жобалардың өзекті тақырыптарының қолданыстағы базасын кеңейтетін ғылыми тақырыптар әзірледі.

Магистранттар зерттеу тақырыбын бекітілген тақырыптар тізімін ескере отырып таңдады. Сонымен қатар, оларға өз тақырыптарын оның өзектілігі мен практикалық маңыздылығын негіздеу арқылы ұсыну құқығы берілді. Магистрлік жобалардың тақырыптар тізімі және 2024 жылғы қабылдау бойынша ғылыми жетекшілер тізімі Академияның Ғылыми-білім беру орталықтарының отырыстарында талқыланды, **ОӘК** (2024 жылғы 26 қыркүйектегі № 2 хаттама) және Ғылыми кеңестің (2024 жылғы 03 қазандағы № 2 хаттама) отырыстарында қаралды, содан кейін ректордың м.а. 2024 жылғы 10 қазандағы № 05-01-03/55 бұйрығымен бекітілді.

Академияның ПОҚ педагогикалық жүктемені жоспарлау туралы Ережесінің 20-тармағына сәйкес, бір ғылыми жетекшіге 7 магистрлік жобадан артық жетекшілік етуге рұқсат етілмейді.

Нұсқаулыққа сәйкес, магистрлік жоба – бұл магистранттың сот тәжірибесінің өзекті мәселелерін дербес, сенімді және түпнұсқа түрде шешуге бағытталған ғылыми зерттеу, бітіру біліктілік жұмысы болып табылады.

Магистрлік жобалардың тақырыптары сот тәжірибесінің өзекті мәселелерін барынша терең қамтиды, оқу бағдарламасына, сондай-ақ заң ғылымын дамытудың қазіргі бағыттары мен үрдістеріне сәйкес келеді.

Магистрлік жобада магистрант заңи талдау негізінде сот тәжірибесінің проблемаларын шешуге және қоғамдық қатынастардың тиісті саласын заңнамалық реттеуді жетілдіруге бағытталған ғылыми негізделген ұсыныстарды тұжырымдайды.

2024-2025 оқу жылында Азаматтық-құқықтық пәндердің ГББО-да профессорлық-оқытушылық құрамнан 10 (он) ғылыми жетекші тағайындалды. Ғылыми жетекшілердің ішінде ғылыми дәрежесі бар 4 (төрт) ғылыми қызметкер (құқық ғылымдарының кандидаты, философия докторы (PhD)) және 6 (алты) судья (қызметтегі, отставкадағы), олардың екеуі ғылыми дәрежеге ие (құқық ғылымдарының кандидаты, құқық магистрі). Барлық судьялардың кәсіби өтілі – 7 жылдан астам, оның ішінде оқытушылық өтілі кемінде 3 жыл. Ғылыми жетекшілік мемлекеттік және орыс тілдерінде жүзеге асырылады. Азаматтық-құқықтық пәндердің ГББО-ға 32 магистрант бекітілді. Мемлекеттік-құқықтық пәндердің ГББО-ға ПОҚ құрамынан 12 (он екі) ғылыми жетекші тағайындалды. Ғылыми жетекшілердің ішінде 10-ы құқық (филос., саясат) ғылымдарының докторы мен кандидаты (оның ішінде экс- әділет министрі – 1, судьялар: з.ғ.к. – 1, PhD докторы – 1) және 2 судья – заң ғылымдарының /құқық магистрі. Мемлекеттік-құқықтық пәндердің ГББО-ға 34 магистрант бекітілді.

Қылмыстық-құқықтық пәндердің ГББО-ға 32 магистрант бекітілді. Магистранттарға ғылыми жетекшілік қылмыстық-құқықтық пәндер жөніндегі ГББО-ның ПОҚ тарапынан, оның ішінде ғылыми дәрежесі бар 2 қызметтегі судья (з.ғ.к.); 2 отставкадағы судья; 1 – з.ғ.д., профессор; 4 – з.ғ.к. жүзеге асырылады.

Академия академиялық адалдық саясатын ұстана отырып, Ғылыми кеңестің 2020 жылғы 03 наурыздағы (№10 хаттама) отырысында магистрлік жобалар бойынша түпнұсқалықтың ең төменгі шегін – 90% деңгейінде белгіледі. Ғылыми зерттеу жұмыстарын жазу кезінде олар «Антиплагиат» бағдарламасы арқылы тексеріледі (<https://www.antiplagiat.ru/>).

Академия ғылыми жетекшілердің кәсібилік деңгейіне, магистрлік жобаларды басқарудың тиімділігіне қажетті көңіл бөледі. Осы мақсатта Академияда магистранттардың ғылыми жұмыстарға жетекшілікке қанағаттанушылығын анықтау бойынша сауалнама жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар әзірленді (Академияның ректоры м.а.-ның 2024 жылғы 04 қыркүйектегі № 06-01-25/15 бұйрығымен бекітілген).

ҚР ЖСК жанындағы Сот төрелігі академиясының Сараптамалық комиссиясы туралы Ережеге сәйкес (ректордың м.а.-ның 2024 жылғы «29»

қарашадағы № 06-01-25/87 бұйрығына 6-қосымша) Академияда магистрлік жобалар мен оқытудың сапасын бақылауды жүзеге асыратын Сараптамалық комиссия құрылды (<https://sta.edu.kz/wp-content/uploads/2024/12/14-ekspertnaya-komissiya-russ.pdf>).

16.4-тармақша. Бағалау критерийлері (оқу бағдарламасына сәйкес білім алушылардың тәжірибеден өтуіне, ғылыми тағылымдамадан өтуіне арналған орындармен қамтамасыз етілуі)

Профильдік пәндердің циклі бойынша өндірістік тәжірибе оқыту процесінде алынған теориялық білімді іс жүзінде бекіту, кеңейту және тереңдету мақсатында; теориялық білім мен құқықтық нормаларды практикалық қызмет барысында қолдану дағдыларын қалыптастыру; болашақ кәсіби қызметте табысты қолдану үшін қажетті дағдыларды, құзыреттерді және тәжірибені алу мақсатында өткізіледі.

Сонымен қатар, тәжірибе кәсіби ойлау қабілетін дамытуға, зерттеу және талдау дағдыларын қалыптастыруға, нақты еңбек жағдайларына бейімделуге, сондай-ақ тиісті кәсіптік қызмет саласындағы озық тәжірибені меңгеруге бағытталған.

Магистранттардың кәсіби практиканы өту тәртібі Академия қызметінің Ережесіне (<https://sta.edu.kz/wp-content/uploads/2025/03/kaz-pravila-deyat-12.02.2025.pdf>), Академияда оқитын білім алушылардың кәсіби практикасы мен тағылымдамасын ұйымдастыру және өту Қағидаларына (<https://sta.edu.kz/wp-content/uploads/2025/04/%D2%9Baza%D2%9Bstan-respublikasy-zho%D2%93ary-sot-ke%D2%A3esini%D2%A3-zhanynda%D2%93y-sot-t%D3%A9religi-akademiya-bilim-alushylaryny%D2%A3-k%D3%99sptik-praktikadan-zh%D3%99ne-ta%D2%93ylymdamadan-%D3%A9tuin-%D2%B1jymdastyru-zh%D3%99ne-%D3%A9tkizu-%D2%9Ba%D2%93idalary.pdf>), Академиядағы оқу процесін, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік қызметті ұйымдастыру және жүзеге асыру Ережесіне (<https://sta.edu.kz/wp-content/uploads/2024/12/%D3%99distemelik-%D2%9Byzmetti-%D2%B1jymdastyru-zh%D3%99ne-zh%D2%AFzege-asyru-%D2%9Ba%D2%93idalary.pdf>), 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс оқу жоспары мен академиялық күнтізбеге сәйкес жүзеге асырылады.

Жоғарыда аталған нормативтік құқықтық актілерге сәйкес, Академияның кәсіби практика базалары Астана қаласының соттары болып табылады. 2021 жылғы 15 қыркүйекте Астана қаласының сотымен жасалған кәсіби практиканы өту туралы шарттың негізінде Академия магистранттары Астана қаласындағы аудандық және оларға теңестірілген соттарда сот өндірісінің төрт түрі бойынша (азаматтық, қылмыстық, әкімшілік істер және әкімшілік құқық бұзушылық істері) кәсіби практикадап өтеді.

Академияның 2024 жылғы 23 қазанда өткен ОӘК шешімімен (№3 хаттама) кәсіби практика бағдарламасы мемлекеттік және орыс тілдерінде талқыланып, мақұлданды.

Есептік жылда кәсіби практика келесі мерзімдерде өткізілді:

- бірінші семестрде 2024 жылғы 4 қарашадан 2025 жылғы 3 қаңтарға дейін (Академия ректорының м.а. 2024 жылғы 29 қазандағы №05-01-17/65 бұйрығы негізінде);

Есептерді қорғау 2025 жылғы 20 қаңтарда Комиссиямен өткізілді.

- екінші семестрде 2025 жылғы 31 наурыздан 30 мамырға дейін (Академия ректорының м.а. 2025 жылғы 14 наурыздағы №05-01-03/58 бұйрығы негізінде).

Есептерді қорғау 2025 жылғы 2 маусымда Комиссиямен өткізілді.

Академияның оқу жұмыс жоспарында эксперименттік-зерттеу жұмысы аясында екі апталық тағылымдамадан өту қарастырылған.

Ағымдағы жылы Академия магистранттары 2025 жылғы 17 наурыз бен 28 наурыз аралығында 2 кредит көлемінде тағылымдамадан өтті (Академия ректорының м.а. 2025 жылғы 17 наурыздағы №05-01-17/60 бұйрығы бойынша). Тағылымдама онлайн форматта Висмардың Шығыс университетінде (ГФР, 2025 жылғы 25 қаңтардағы ынтымақтастық туралы меморандум негізінде) және В.Ф. Яковлев атындағы Орал мемлекеттік заң университетінде (РФ, 2025 жылғы 30 қаңтардағы ынтымақтастық туралы меморандум негізінде) өтті. Тағылымдама қорытындысы бойынша 2025 жылғы 5 сәуірде есептерді қорғау өткізілді (комиссия құрамы 2025 жылғы 2 сәуірдегі №05-01-03/69 бұйрық негізінде бекітілді).

БілТ-нің 24-тармағына сәйкес, білім алушыларды практикадан өту орындарымен қамтамасыз ету талабы ғылыми тағылымдамадан өтуге қатысты Сот төрелігінің академиясына қолданылмайды.

5.4. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар:

1) оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптардың Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына (МЖМС) сәйкестігі мен сақталуы.

Академия «7М042 – Құқық» кадрларды даярлау бағыты бойынша бейінді магистратурада «7М04201 – Сот және сот төрелігі» білім беру бағдарламасы аясында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламасын жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 5-2-бабының 6-тармағына сәйкес, Кеңес Академияның типтік оқу жоспарларын әзірлеп, бекітеді.

Қазақстан Республикасы МЖМС-тың 1-тармағына (ҚР ҒЖБМ 2022 жылғы 20 шілдедегі бұйрығының) сәйкес ҚР Жоғары Сот Кеңесінде білім беру ұйымында білім мазмұны мен оқыту технологиялары ерекше мәртебеге сәйкес, соның ішінде мемлекеттік білім беру тапсырысы аясындағы білім алушылар үшін дербес анықталады.

Академия бейінді магистратура аясында сот жүйесі үшін арнайы кадрлар даярлайтын бірден-бір жоғары оқу орны болып табылатындықтан, салалық ерекшеліктер мен сот практикасының талаптарын ескере отырып,

жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын өз бетінше әзірлейді және оқу нәтижелерін көрсетеді.

МЖМС-тың 50-тармағына сәйкес, Академия магистрантының оқу жүктемесі оқу пәнін, модулін немесе магистратураның барлық білім беру бағдарламасын меңгеруге қажет уақыттың жиынтығы, сондай-ақ білім беру бағдарламасында көзделген жоспарланған оқу нәтижелеріне қол жеткізу үшін жұмсалатын уақыт арқылы анықталады.

МЖМС-тың 51-тармағына сәйкес, Академия магистранттарының оқу жүктемесі олардың білім беру қызметінің барлық спектрін қамтиды. Оған аудиториялық оқу түрлері (лекциялар, семинарлар, топтық сабақтар мен жаттығулар, практикалық сабақтар), жобаларды орындау, кәсіби практика мен тағылымдамалардан өту (ғылыми немесе кәсіби), ғылыми-зерттеу қызметіне (соның ішінде эксперименттік-зерттеу жұмыстарына) қатысу, магистрлік жобаны дайындау және қорғау, сондай-ақ оқытушының ғылыми жетекшілігімен бірге және өз бетімен жұмыс істеу кіреді.

Академия магистратурасының білім беру бағдарламасының жалпы еңбексыйымдылығы 60 кредитті құрайды: теориялық оқыту – 40, эксперименттік-зерттеу жұмысы – 8, қорытынды аттестация – 12.

Магистранттың оқу жүктемесіне байланыс сағаттар, өз бетімен жұмыс, кәсіби практика, эксперименттік-зерттеу жұмысы (оның ішінде тағылымдамадан өту және магистрлік жобаны орындау), қорытынды аттестация кіреді.

Демалыс ұзақтығы – 1 апта.

«7M042 – Құқық» кадрлар даярлау бағыты бойынша «7M04201 – Сот және сот төрелігі» білім беру бағдарламасының магистратура оқу жоспары Академия Ғылыми кеңесінде бекітілген (28 тамыз 2024 жылғы №1 хаттама).

Магистратура ОЖ мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде оқытудың толық кезеңіне әзірленді.

Оқу жоспарында әрбір оқу пәнінің тізімі мен еңбексыйымдылығы, оқу тәртібі, оқу сабақтарының түрлері және бақылау формалары анықталған.

Кредиттердің басым бөлігі бейінді пәндер циклына бөлінген (38 *кредит*), оның ішінде практикалық бағыттағы оқытуды күшейту мақсатында кәсіби практикаға (24 *кредит*) бөлінген.

Негізгі пәндер циклының ЖОО-лық құрамдас бөлігіне «Құқықтық деонтология» және «Сот қызметіндегі риторика және коммуникация» пәндері енгізілген, олар болашақ судьяның жеке біліктіліктерін дамытуға бағытталған.

Барлық пәндер циклдері бойынша таңдау компоненті жоқ (сот кадрларын даярлау барлық пәндерді міндетті түрде оқуды талап етеді, себебі болашақ судьялар сот ісін жүргізудің барлық нысандарын меңгеруі тиіс).

Осылайша, Академиядағы бейінді магистратура магистранттарының оқу жүктемесі белгіленген талаптарға толық сәйкестендіріліп, теориялық оқыту, практика және зерттеу жұмыстары арасында тепе-теңдікті қамтамасыз етеді.

және МЖМС нормаларын сақтайды (*қосымшада Типтік оқу жоспары, Академиялық күнтізбе берілген*).

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 52-бабының 7-тармағына сәйкес, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының ПОҚ жылдық оқу жүктемесі жылдық жұмыс уақыты нормасы шегінде белгіленіп, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының басшысының басқару алқалы органы шешімінің негізінде бекітіледі.

Академия оқытушыларының педагогикалық жүктемесі «Сот төрелігі академиясының профессор-оқытушылық құрамының педагогикалық жүктемесін жоспарлау туралы» Ережеге сәйкес анықталады (*Академия ректорының 2021 жылғы 3 қыркүйектегі № 6002-21-7-8/122 бұйрығы*).

Академия доцент лауазымындағы оқытушысының жылдық оқу жүктемесі – 750 сағат, профессор лауазымында – 700 сағатты құрайды.

Оқу жылы басталмас бұрын, Академияның вице-ректоры тиісті ғылыми-оқыту орталығының профессор-оқытушылар құрамы оқу жүктемесін бекітеді.

Оқытушының жұмысы келесі түрлерге бөлінеді:

- оқу жұмысы (байланыс сағаттар, кәсіби практика/тағылымдама жетекшілігі, магистрлік жобаларға жетекшілік ету, білімді бақылау (аралық, кезеңдік), аттестациялық комиссияға қатысу және т.б.);

- оқу-әдістемелік жұмыс (байланыс сағаттарға дайындық; лекция конспектілерін, басқа оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу, жазу, қайта қарау; емтихан билеттері мен білім деңгейін анықтайтын тесттерді құрастыру; кейстер, оқу сот процестерінің сценарийлерін әзірлеу; оқу-әдістемелік материалдарды рецензиялау, бағдарламалар әзірлеу, қабылдау емтихандары мен қорытынды аттестацияға арналған тест тапсырмалары мен кейстер құрастыру және т.б.);

- ғылыми-зерттеу жұмысы (ғылыми мақалалар дайындау және жариялау; Академияның ғылыми конференциялары мен семинарлары, «дөңгелек үстелдері» модерациялау және сарапшы ретінде қатысу, конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер, пікірталастарға қатысу, қызмет бағыттары бойынша ғылыми еңбектерді рецензиялау және редакциялау және т.б.);

- ұйымдастырушылық-әдістемелік, тәрбиелік және басқа да жұмыстар (ағымдағы ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмыс, біліктілікті арттыру, мамандықтар бойынша жаңа оқу жоспарлары мен басқа оқу бағдарламалары жобаларын құрастыру, Ғылыми кеңес, Оқу-әдістемелік кеңес, ҒБО отырыстарына материалдар дайындау және қатысу, жыл бойы эдвайзер ретінде ұйымдастыру және жұмыс істеу, тәрбиелік-идеологиялық іс-шараларға қатысу және т.б.).

Профессор-оқытушылар құрамының педагогикалық жүктемесін орындау туралы есеп Академияның Ғылыми кеңесінде қаралады (хаттамалар бар).

2) МЖМС талаптарына сәйкес академиялық кезеңнің сақталуы.

Оқу мерзімдері, академиялық кезеңдердің көлемі мен формалары Сот төрелігі академиясындағы Академиялық саясатпен, оқу процесін, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік қызметті ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларымен реттеледі (<https://sta.edu.kz/wp-content/uploads/2024/12/%D3%99distemelik-%D2%9Byzmetti-%D2%B1jymdastyru-zh%D3%99ne-zh%D2%AFzege-asyru-%D2%9Ba%D2%93idalary.pdf>).

Есепті кезеңде Академиядағы оқу процесі Ғылыми Кеңестің шешімі негізінде Академия ректорының м.а. бекіткен Академиялық күнтізбеге сәйкес ұйымдастырылды (*2024 жылғы 28 тамыздағы №1 хаттамамен*).

Академиялық күнтізбеде оқу жылы барысында оқу сабақтарын, аралық және қорытынды аттестациялауды, кәсіби практикаларды және өзге де оқу жұмыстарын өткізу кезеңдері, демалыс күндері (*каникулдар мен мерекелер*) көрсетілген.

Академиядағы оқу жылы академиялық кезеңдерден – семестрлерден тұрады, олардың ұзақтығы: бірінші семестрде – 9 апта теориялық оқыту, 9 апта кәсіби практика, 1 апта каникул; екінші семестрде – 9 апта теориялық оқыту, 9 апта кәсіби практика, 2 апта тағылымдама және 3 апта қорытынды аттестациядан тұрады.

Бір оқу жылындағы толық оқу жүктемесі кемінде 60 академиялық кредитті құрайды және бір оқу жылына кемінде 1800 академиялық сағатқа сәйкес келеді (МЖМС-тың 55-тармағы).

Академияның бейінді магистратурасындағы академиялық кезең МЖМС талаптарына толық сәйкес келеді. 54-тармаққа сәйкес, магистранттың оқу жүктемесі оқу жылы академиялық кезеңдерден тұратынын ескере отырып белгіленеді, олардың формаларын жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы өз бетінше айқындайды.

Бірінші семестр барысында білім алушылар кемінде 23 академиялық кредит, ал екінші семестрде қорытынды аттестацияны қоса алғанда, 37 академиялық кредит меңгерді. Бір академиялық кредит 30 академиялық сағатқа тең.

Магистранттар үшін сабақ кестесі әр семестр басталмас бұрын оқу және ғылыми жұмыс жөніндегі вице-ректормен бекітіледі. Сабақ кестелері мемлекеттік және орыс тілінде оқытатын топтар үшін жеке жасалып, Академия сайтында жарияланды, сондай-ақ WhatsApp мессенджері арқылы магистранттарға жеткізілді.

Ағымдағы, аралық және қорытынды бақылаулар оқытушылар тарапынан дербес жүргізіледі.

Аралық, қорытынды бақылаулар мен қорытынды аттестацияның кестелері оқу және ғылыми жұмыс жөніндегі вице-ректормен бекітілген.

Қорытынды аттестация Академиялық күнтізбеге сәйкес кешенді емтихан және магистрлік жобаны қорғау форматында өткізілді (*ҚР Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Сот төрелігі академиясының магистранттарының қорытынды аттестациясын өткізу тәртібі, 2025 жылғы 16 қаңтар*).

Кешенді емтихан компьютерде келесі сот ісін жүргізудің келесі нысандары бойынша кейс шешу арқылы жүзеге асырылады: азаматтық, қылмыстық, әкімшілік-құқықбұзушылық және әкімшілік.

Білім беру бағдарламасын толық меңгеріп, магистрлік жобасын жария түрде қорғау арқылы қорытынды аттестациядан өткен магистрантқа аттестациялық комиссияның шешімімен «магистр» дәрежесі беріледі және диплом қосымшасымен қоса тапсырылады.

Магистранттар оқу процесін академиялық қарыздарсыз өтіп, оқу жоспарында және жеке оқу жоспарында (ЖОЖ) көзделген пәндерді, басқа да оқу жұмыстарын белгіленген мерзімдерде толық аяқтайды.

Академиядағы білім беру процесі МЖМС-тың талаптарын ескере отырып ұйымдастырылған, стандартта регламенттелген барлық оқу қызметі түрлерін қамтиды және сот жүйесіне кадрлар даярлау ерекшелігін ескереді. Бұл оқытудың практикаға бағытталған тәсілін қамтамасыз етіп, сот төрелігі органдарында тиімді қызмет атқаруға қажетті кәсіби құзыреттерді қалыптастыруға мүмкіндік береді (*Қорытындыға Академиялық күнтізбе, сабақ кестелері, аралық және ағымдағы бақылау мен қорытынды аттестация кестелері қоса беріледі*).

3) МЖМС талаптарына сәйкес академиялық кредиттерді игеру

Магистратураның білім беру бағдарламасы бойынша оқуды аяқтаудың негізгі критерийі – (бейінді магистратурада) магистранттар тарапынан 60 академиялық кредитті игеру болып табылады.

Осылайша, білім беру бағдарламаларында, жұмыс оқу жоспарларында және академиялық күнтізбеде магистранттың оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне қойылатын МЖМС-тың талаптары (58-тармақ) сақталады.

4) Жеке жұмыс жоспарының болуы және оның МЖМС талаптарына сәйкестігі

Академияда МЖМС-тың 26, 52, 53-тармақтарының талаптары сақталады. Магистранттар оқу процесін магистранттың жеке жұмыс жоспары (*бұдан әрі – МЖЖЖ*) негізінде жүзеге асырады.

Білім беру бағдарламасы бойынша таңдау пәндері қарастырылмаған, сәйкесінше элективті пәндер каталогы әзірленбейді. Оқу жоспарына сәйкес барлық пәндер білім алушылар үшін міндетті болып табылады, бұл түлектердің сот ісін жүргізудің барлық нысандарын білуін қамтамасыз ету қажеттілігімен байланысты.

Білім беру бағдарламасының ерекшеліктерін ескере отырып, оқу жылының басында әрбір магистрантқа МЖЖЖ әзірленеді. Бұл жоспар оқу іс-шараларының барлық түрлерін қамтиды. МЖЖЖ-ға келесі бөлімдер енгізіледі:

- магистрантты даярлаудың білім беру бағдарламасы және пәндердің тізімі;
- практика / тағылымдама;
- ғылыми-зерттеу жұмысы;

- магистрлік жоба тақырыбы бойынша ғылыми жарияланымдар мен ғылыми конференцияларға қатысу жоспары;
- оқу жылы бойынша есеп;
- магистратурада оқу нәтижелері.

МЖЖЖ магистрлік жобалар тақырыбы бойынша бекітілген ғылыми жетекшілердің жетекшілігімен магистранттар тарапынан өз бетінше толтырылады.

Оқу траекториясын таңдау қажеттілігінің болмауына байланысты, магистранттар МЖЖЖ құрастыру үшін пәндерге тіркелу формасын толтырмайды.

Оқу жылы аяқталған соң, магистрант МЖЖЖ шеңберінде орындалған жұмыс бойынша есеп тапсырады. Бұл есеп ҒБО директоры мен магистрантқа бекітілген ғылыми жетекші тарапынан келісіліп, мақұлданады.

5.5. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

1) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің тиісті деңгейлерінің Дублиндік дескрипторлары негізінде айқындалған және оқытудың қол жеткізілген нәтижелерінде көрсетілген игерілген құзыреттерді көрсететін білім алушылардың даярлық деңгейіне қойылатын талаптарды сақтау

«7M042 – Құқық» кадрларды даярлау бағыты бойынша жүзеге асырылатын «7M04201 – Сот және сот төрелігі» бейінді магистратурасының білім беру бағдарламасы жоғары білім берудің екінші деңгейін сипаттайтын Дублин дескрипторларының ережелерін ескере отырып әзірленген. Бағдарлама магистрдің біліктілік деңгейіне сәйкес кәсіби құзыреттерді қалыптастыруға және дамытуға бағытталған және бұл құзыреттер нақты құрылымдалған оқу нәтижелерінде көрініс табады. Аталған оқу нәтижелеріне қол жеткізу бүкіл білім беру бағдарламасы деңгейінде де, жеке модульдер мен оқу пәндері деңгейінде де көзделген.

Білім беру бағдарламасы мазмұндық және әдіснамалық тұрғыдан үйлестірілген, когнитивтік, кәсіби-тәжірибелік және этикалық компоненттерді қамтиды және болашақ сот жүйесі мамандарының академиялық әрі кәсіби даярлығының жоғары деңгейін қамтамасыз етеді.

2) магистратураның бітіруші курстарының білім алушылары күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізгенін және МЖМС-тың талаптарына сәйкес көзделген құзыреттерді меңгергенін айқындау мақсатында оқу нәтижелерін бағалау жүзеге асырылады

Білім беру мазмұны, сондай-ақ оқу қызметін ұйымдастырудың нысандары мен әдістері сот төрелігі Академиясында оқу процесін, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік қызметті ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларына сәйкес жоспарланады (<https://sta.edu.kz/wp-content/uploads/2024/12/%D3%99distemelik-%D2%9Byzmetti-%D2%B1jymdastyru-zh%D3%99ne-zh%D2%AFzege-asyru-%D2%9Ba%D2%93idalary.pdf>)

Академияның білім беру бағдарламасы негізінде және нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес оқу жоспарлары (*жұмыс оқу жоспары, білім алушының жеке оқу жоспары*) қалыптастырылып, оқу пәндері бойынша жұмыс оқу бағдарламалары (*силлабустар*) әзірленеді.

Жұмыс оқу жоспарында оқу пәндерінің тізімі, олардың еңбек сыйымдылығы, меңгеру реті, оқу қызметін ұйымдастыру түрлері, сондай-ақ ағымдық және қорытынды бақылау түрлері нақты көрсетілген.

2024–2025 оқу жылына арналған жұмыс оқу жоспары Оқу-әдістемелік кеңесте (*2024 жылғы 19 маусымдағы №12 хаттама*) және Академияның Ғылыми кеңесінде (*2024 жылғы 28 тамыздағы №1 хаттама*) талқыланып, Академия ректорының бұйрығымен бекітілді.

2024–2025 оқу жылы ішінде Академияда оқу үдерісін ұйымдастыру бекітілген академиялық күнтізбе мен сабақ кестесіне, аралық және қорытынды бақылау, қорытынды аттестаттау кестелеріне сәйкес қамтамасыз етілді.

Академия магистратурасының білім алушыларының оқу жетістіктерін бағалау Академияда оқу процесін, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік қызметті ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларына, академиялық саясатқа, Академия магистранттарын қорытынды аттестаттаудан өткізу тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады (<https://sta.edu.kz/wp-content/uploads/2024/12/%D3%99distemelik-%D2%9Byzmetti-%D2%B1jymdastyru-zh%D3%99ne-zh%D2%AFzege-asyru-%D2%9Ba%D2%93idalary.pdf>) және оқу пәндері бойынша жұмыс оқу бағдарламалары (*силлабустар*) арқылы жүзеге асырылады.

Білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылау оқу сабақтарын жүргізген оқытушы тарапынан жүзеге асырылды. Ағымдық бақылау барысында білім алушылардың оқу жетістіктері әрбір орындалған тапсырма (ағымдағы сабақтардағы жауап, үй тапсырмасын, өздік жұмысты тапсыру) үшін 100-балдық шкала бойынша бағаланды.

Ағымдық бақылау нәтижелері бойынша қорытынды баға академиялық кезең ішінде білім алушы алған барлық балдардың арифметикалық орташа мәні ретінде қалыптастырылады.

Аралық бақылау осы пәнді оқытқан оқытушы тарапынан бекітілген сабақ кестесіне сәйкес жүргізілді.

Аралық аттестаттау жұмыс оқу жоспары мен академиялық күнтізбеге сәйкес емтихан тапсыру түрінде, бекітілген емтихан кестесіне сай өткізіледі. Емтихан сессиясы кезеңінде Академия ректорының м.а. 2024 жылғы 10 қазандағы № 05-01-03/56 бұйрығымен апелляциялық комиссия құрылды. Апелляциялық комиссияның жұмысы «Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі академиясы магистратурасының апелляциялық комиссиясы туралы ережеге» (<https://sta.edu.kz/wp-content/uploads/2024/12/13-sot-t%D3%A9religi-akademiasy-magistraturasy%D2%A3-apellyacziyaly%D2%9B-komissiyasy-turaly-erezhe.pdf>) сәйкес реттеледі.

Емтиханды қабылдау пән бойынша сабақ жүргізген оқытушы тарапынан жүзеге асырылды.

Оқу пәні бойынша ағымдық үлгерімді бақылау бағасы (рейтингтік рұқсат бағасы) аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтарда алған ағымдық бақылау бағалары мен аралық бақылау бағаларынан қалыптасады.

Емтиханға жіберілу рұқсат рейтингі бағасының негізінде жүзеге асырылады.

Аралық және қорытынды бақылау бағалары тиісті ведомостарға енгізіледі.

Оқу пәні бойынша қорытынды баға рұқсат рейтингі мен қорытынды бақылау (емтихан) бағаларынан келесі арақатынаста қалыптасады: білімді бақылау (ағымдық, аралық) – 60 %, қорытынды бақылау (емтихан) – 40 %.

Оқу нәтижелері аралық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау ведомостарында тіркеледі.

2024–2025 оқу жылының қорытындысы бойынша білім алушылардың орташа үлгерімі 87,31 балды құрады (тек оқу пәндері, кәсіби практика және тағылымдамалар ескерілді, қорытынды аттестаттау есепке алынған жоқ).

Бейінді магистратураның оқу жоспарына бейінді пәндер циклінде кәсіби практика енгізілген, бұл магистратура бойынша кәсіби практиканы ұйымдастыруға қойылатын МЖМС-тың 20-тармағына сәйкес келеді.

Бейінді пәндер цикліндегі кәсіби практиканың мақсаты – оқу барысында алынған теориялық білімді тәжірибелік тұрғыда бекіту, кеңейту және тереңдету; теориялық білім мен құқықтық нормаларды тәжірибеде қолдану дағдыларын қалыптастыру; болашақ кәсіби қызметте тиімді қолдануға қажетті біліктіліктерді, құзыреттерді және тәжірибені меңгеру.

Сонымен қатар, практика кәсіби ойлау қабілетін дамытуға, зерттеу және талдау дағдыларын қалыптастыруға, нақты еңбек жағдайларына бейімделуге, сондай-ақ тиісті кәсіби саладағы озық тәжірибені игеруге бағытталған.

Академия магистранттарының кәсіби практикадан өту тәртібі Академияның қызмет ережелерімен (<https://sta.edu.kz/wp-content/uploads/2025/03/kaz-pravila-deyat-12.02.2025.pdf>), Академия білім алушыларының кәсіби практика және тағылымдамадан өтуін ұйымдастыру және өткізу қағидаларымен (<https://sta.edu.kz/wp-content/uploads/2025/04/%D2%9Baza%D2%9Bstan-respublikasy-zho%D2%93ary-sot-ke%D2%A3esini%D2%A3-zhanynda%D2%93y-sot-t%D3%A9religi-akademiya-bilim-alushylaryny%D2%A3-k%D3%99sptik-praktikadan-zh%D3%99ne-ta%D2%93ylymdamadan-%D3%A9tuin-%D2%B1jymdastyru-zh%D3%99ne-%D3%A9tkizu-%D2%9Ba%D2%93idalary.pdf>), Академиядағы оқу процесін, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік қызметті ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларымен (<https://sta.edu.kz/wp-content/uploads/2024/12/%D3%99distemelik-%D2%9Byzmetti-%D2%B1jymdastyru-zh%D3%99ne-zh%D2%AFzege-asyru->

[%D2%9Ba%D2%93idalary.pdf](#)), 2024–2025 оқу жылының жұмыс оқу жоспары мен академиялық күнтізбесі негізінде реттеледі.

Академияның кәсіби тәжірибелерінің базасы Астана қаласының соттары болып табылады. 2021 жылғы 15 қыркүйектегі Астана қаласының сотымен кәсіби практикадан өтуге арналған шарт негізінде Академия магистранттары Астана қаласының аудандық және оларға теңестірілген соттарында сот ісін жүргізудің төрт нысаны (*азаматтық, қылмыстық, әкімшілік істер және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер*) бойынша практикадан өтті.

Академияның оқу-әдістемелік кеңесінің 2024 жылғы 23 қазандағы № 3 хаттамасының шешімімен мемлекеттік және орыс тілдеріндегі кәсіби практика бағдарламасы талқыланды және мақұлданды.

Есептік жылы кәсіби практика төмендегідей өткізілді:

- бірінші семестрде 2024 жылдың 4 қарашасынан 2025 жылдың 3 қаңтарына дейін (*Академия ректорының міндетін атқарушының 2024 жылғы 29 қазандағы №05-01-17/65 бұйрығы*);

Есептерді қорғау комиссиясы 2025 жылдың 20 қаңтарында өткізілді.

- екінші семестрде 2025 жылдың 31 наурызынан 30 мамырына дейін (*Академия ректорының міндетін атқарушының 2025 жылғы 14 наурыздағы №05-01-03/58 бұйрығы*).

Есептерді қорғауды комиссия 2025 жылғы 2 маусымда жүргізді.

Академияның жұмыс оқу жоспарында тәжірибелік-ғылыми-зерттеу жұмыстары аясында екі апталық тағылымдама өту көзделген.

Ағымдағы жылы Академия магистранттары 2025 жылғы 17-28 наурыз аралығында (*Академия ректорының міндетін атқарушының 2025 жылғы 17 наурыздағы №05-01-17/60 бұйрығы*) онлайн форматта Германия Федеративтік Республикасындағы Висмар Шығыс университетінде (2025 жылғы 25 қаңтардағы ынтымақтастық меморандумына сәйкес) және Ресей Федерациясындағы В.Ф. Яковлев атындағы Орал мемлекеттік заң университетінде (2025 жылғы 30 қаңтардағы ынтымақтастық меморандумына сәйкес) тағылымдамадан өтті.

Тағылымдама бойынша есептерді қорғауды комиссия 2025 жылғы 5 сәуірде өткізді.

Академия магистранттардың эксперименттік-зерттеу жұмысын (ЭЗЖ) ұйымдастыруға қатысты МЖМС-тың 25, 28, 29-тармақтарының талаптарын ұстанады.

Ғылыми-білім беру орталықтарының отырыстарында магистрлік жоба нәтижелері бойынша алдын ала қорғаулар өткізіледі.

Магистранттың ЭЗЖ қорытынды нәтижесі – магистрлік жоба болып табылады.

Академия магистранттары магистрлік жобаның негізгі нәтижелерін магистрлік жоба тақырыбына қатысты мерзімді басылымдарда, жинақтарда, конференция, ғылыми форум материалдарында және басқа да басылымдарда кемінде бір жарияланым түрінде ұсынады.

Академия жыл сайын Ғылым күніне арналған халықаралық деңгейдегі ғылыми-практикалық конференция өткізеді, ол магистранттар мен докторанттардың ғылыми ізденістерін апробациялау алаңы болып табылады.

Н.А. Шайкеновті еске алуға арналған магистранттар мен докторанттардың IX ғылыми-практикалық конференция 2025 жылғы 12 сәуірде өткізілді (<https://sta.edu.kz/wp-content/uploads/2025/05/sbornik-materialov-ix-konferenczii-15.pdf>).

МЖМС-тың 39-тармағына сәйкес қорытынды аттестаттау кешенді емтихан тапсыру және магистрлік жобаны қорғау нысанында өткізілді.

Академияда қорытынды аттестацияны ұйымдастыру және өткізу Академиядағы оқу процесін, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік қызметті ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларына, Академиялық саясатқа және Академия магистранттарының қорытынды аттестациясын өткізу тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады. (<https://sta.edu.kz/wp-content/uploads/2024/12/%D3%99distemelik-%D2%9Byzmetti-%D2%B1jymdastyru-zh%D3%99ne-zh%D2%AFzege-asyru-%D2%9Ba%D2%93idalary.pdf>)

Қорытынды аттестацияның кешенді емтихан бағдарламасы 2025 жылғы 26 қаңтардағы Академияның Оқу-әдістемелік кеңесінің отырысында қаралып (хаттама №6) тіркелді және 2025 жылғы 30 қаңтардағы Академияның Ғылыми кеңесінің шешімімен қаралып, бекітілді (хаттама №6). (https://sta.edu.kz/wp-content/uploads/2025/02/programma_ia_rus_-2025.pdf).

Академия ректорының м.а. (2025 жылғы 5 маусымдағы № 05-01-03/114) бұйрығымен білім беру бағдарламасының, жұмыс оқу жоспарының және академиялық күнтізбенің талаптарына сәйкес оқу үдерісін аяқтап, эксперименттік-ізденіс жұмысының (жобаның) нәтижелері бойынша алдын ала қорғалған магистранттар қорытынды аттестацияға жіберілді.

2025 жылғы 15 ақпандағы № 05-01-03/39 «Аттестациялық комиссия құрамы туралы» бұйрық, уәкілетті органмен келісілген, ғылыми дәреже иелері мен судьялардан құралған аттестациялық комиссияның құрамын бекітті.

Магистрлік жобалар қорғауға дейін Академия Ғылыми кеңесінің 2020 жылғы 3 наурыздағы № 10 хаттамасында бекітілген шекті индикаторларға сәйкес плагиатқа тексеруден және Академияның Сараптама комиссиясы туралы Ережесіне сай тексеруден өтті (<https://sta.edu.kz/wp-content/uploads/2024/12/14-%D2%9Baza%D2%9Bstan-respublikasy-zho%D2%93ary-sot-ke%D2%A3esini%D2%A3-zhanynda%D2%93y-sot-t%D3%A9reliqi-akademiyasyny%D2%A3-saraptama-komissiyasy-turaly-erezhe.pdf>).

2024–2025 оқу жылының қорытындысы бойынша кешенді емтихан тапсырған 97 магистранттың ішінде «өте жақсы» бағасын алғандар – 0, «жақсы» – 86, «қанағаттанарлық» – 11 адам.

Магистрлік жобаны қорғау нәтижесі бойынша «өте жақсы» бағасын – 57 магистрант, «жақсы» бағасын – 40 магистрант алды.

2024–2025 оқу жылының қорытынды аттестациясының орташа балы – 82,37.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламасын меңгергенін және магистрлік жобаны көпшілік алдында қорғау арқылы қорытынды аттестациядан өткен магистрантқа аттестациялық комиссия шешімімен «магистр» академиялық дәрежесі беріледі және үш тілдегі қосымшасы (транскрипті) бар мемлекеттік үлгідегі диплом тапсырылады.

Дипломға қосымшада келесі мәліметтер көрсетіледі: меңгерілген жалпы академиялық кредиттер саны, оқу барысында қалыптасқан орташа өлшенген балл (GPA), теориялық оқыту пәндері, тағылымдама, практика, қорытынды аттестация және магистрлік жобаны қорғау бойынша алынған кредиттер мен бағалар туралы ақпарат (*балдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесіне сәйкес*), түлектің Ұлттық біліктілік шеңберіне сәйкестік деңгейі, сондай-ақ білім беру бағдарламасы бойынша магистр дәрежесін беру туралы аттестациялық комиссия шешімінің бастапқы деректері.

Магистратураны аяқтау туралы дипломның болуы адамға Академия қызметінің қағидаларының 5-тарауының ережелеріне сәйкес судья лауазымына біліктілік емтиханынан Академияда өту құқығын береді (<https://sta.edu.kz/wp-content/uploads/2025/03/kaz-pravila-deyat-12.02.2025.pdf>).

Судья лауазымына біліктілік емтиханын сәтті тапсырған Академия түлектері ҚР ЖСҚ жариялаған конкурстарға қатысады. Конкурстан сәтті өткен кандидаттар ҚР ЖСҚ ұсынымы бойынша судья лауазымына ҚР Президентінің Жарлығымен тағайындалады.

Есепті кезеңде барлық 97 түлек біліктілік емтиханын тапсыруға жіберілді, оның ішінде 93 адам (95,87%) оны сәтті тапсырды. Олар бос судьялық лауазымдарға орналасу конкурстарына қатысу құқығына ие болды.

Білім беру қызметінің сапасын бақылау және бағалау

Академия жүзеге асырып отырған ғылыми-білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ету саласындағы саясат Академияның стратегиялық мақсаттары мен міндеттеріне, миссиясына толықтай сәйкес келеді. Академия саясаты білім беру үдерісінің жоғары сапасын қамтамасыз етуге, сот жүйесі үшін жоғары білікті, бәсекеге қабілетті кадрларды даярлауға бағытталған.

Сапа саласындағы саясат стратегиялық менеджменттің бір бөлігі болып табылады, Академия миссиясына сәйкес әзірленіп, білім беру сапасын басқару жүйесі үшін бағдарлық құжат ретінде қызмет етеді.

Аталған саясат нормативтік-құқықтық база, ESG стандарттары, Академияны дамыту тұжырымдамасы, Академиялық саясат және Академияның басқа да құжаттарындағы өзгерістерге сәйкес қайта қаралуы және өзгертілуі мүмкін.

Академияның білім беру сапасын ішкі қамтамасыз ету жүйесі – бұл сапаны басқаруға қажетті ұйымдастырушылық құрылымдардың, рәсімдердің, үдерістер мен ресурстардың жиынтығы болып табылады.

Академияның ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесі ESG стандарттарына, сондай-ақ басқа да халықаралық стандарттар мен нұсқаулықтарға

негізделген. Оған мыналар кіреді: сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат; білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту; білім алушыларға бағдарланған оқыту, оқыту және үлгерімді бағалау; білім алушыларды қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау; оқытушылар құрамы; білім алушыларды оқыту ресурстары мен қолдау жүйесі; ақпаратты басқару; жұртшылықты хабардар ету; бағдарламаларды тұрақты мониторингтеу және мерзімді бағалау; сапаны мерзімді сыртқы қамтамасыз ету.

Академия саясатты тиімді іске асыруды келесі жолдармен қамтамасыз етеді:

- Академияның тиісті ұйымдастырушылық құрылымын қалыптастыру, құрылымдық бөлімшелердің функционалдық міндеттерін, білім беру сапасын қамтамасыз ету бойынша лауазымды тұлғалардың негізгі құқықтары мен міндеттерін айқындау арқылы;

- білім алушыларды, жұмыс берушілерді, түлектерді және басқа да мүдделі тараптарды ішкі сапаны қамтамасыз ету үдерісіне тарту арқылы;

- білім беру бағдарламаларына жүйелі түрде мониторинг жүргізу және бағалау арқылы;

- білім сапасын бағалаудың үдерістері, объективті критерийлері мен көрсеткіштерін әзірлеу және сапаны арттыру мен сәйкессіздіктерді жоюға бағытталған түзету шараларының тетіктерін енгізу арқылы;

- білім беру бағдарламасы аясында білім беру сапасына кепілдік беретін қажетті ресурстарды құру арқылы;

- білім алушыларға бағытталған оқыту, оқытушылық және бағалау тәсілдерін қолдану арқылы;

- барлық қызметкерлерді сапаны қамтамасыз ету және арттыру үдерісіне тарту арқылы;

- Академия қызметінің ашықтығын қамтамасыз ететін ақпаратты жинау, талдау және пайдалану жүйесін қалыптастыру арқылы;

- Академияның негізгі қызмет салаларын қамтитын білім сапасын қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелерді дамыту арқылы;

- шешімдерді әріптестік және ашық талқылау негізінде қабылдау арқылы;

- заманауи менеджмент әдістеріне негізделген басқару жүйесін жетілдіру, басшылардың өкілеттіктерін оңтайлы бөлу, тұрақты есептілік және жауапкершілікті арттыру арқылы;

- білім алушылар мен ПОҚ-тың адами және тұлғалық әлеуетін жүзеге асыруға жағдай жасайтын, серіктестік қатынастарға негізделген академиялық ортаны қалыптастыру арқылы;

- Академияның корпоративтік мәдениетін дамыту және қолдау арқылы;

- білім алушылардың өзін-өзі басқаруының рөлін күшейту арқылы;

- білім және ғылым саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту, білім алушылар мен ПОҚ-тың академиялық ұтқырлығын арттыру арқылы;

- білім сапасын басқару және қамтамасыз ету саласында Академия жұмыскерлерінің үздіксіз кәсіби дамуын ұйымдастыру арқылы;

- академиялық адалдық қағидаттарын қатаң сақтау, сыбайлас жемқорлық пен кемсітушіліктің кез келген түріне төзбеушілік, білім алушыларға тең мүмкіндік пен әділ қарым-қатынасты қамтамасыз ету арқылы.

Академия сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясатты іске асыруда келесі қағидаттарды ұстанады:

- білім алушыларды, ПОҚ-ты және жұмыскерлерді тарту;
- үдерістік және жүйелік көзқарас;
- үздіксіз жетілдіру.

Білім беру сапасын қамтамасыз ету – бұл басшылықтың, құрылымдық бөлімшелердің, жұмыскерлер мен білім алушылардың ортақ міндеті, олардың әрқайсысы өз жауапкершілік аймағына сәйкес осы үдеріске тартылған.

Сапаны қамтамасыз ету саясатын іске асыруға өкілетті орган ретінде Кеңес жан-жақты қатысады, оның қызметіне мыналар кіреді:

- типтік оқу жоспарлары мен бағдарламаларын бекіту;
- Академияның ғылыми-білім беру қызметі саласындағы барлық негізгі нормативтік құқықтық актілерді қабылдау;
- магистрлік жобалардың тақырыптарын қалыптастыру;
- Академияның ғылыми-білім беру қызметіне (аттестация) мониторинг жүргізу және бағалау;
- қабылдау, аттестациялық және біліктілік комиссияларының жұмысына қатысу және т.б.

Судья лауазымына қабылдау, қорытынды аттестация және біліктілік емтиханын өткізу жөніндегі комиссиялардың құрамына сыртқы мүдделі тараптардың (*ЖС, ғылыми және заңгерлік қауымдастық өкілдері*) өкілдері енгізіледі.

Академияның білім беру сапасын қамтамасыз етуге бағытталған ішкі және сыртқы үдерістеріне білім алушылар тікелей қатысады.

Білім алушыларға бағдарланған оқытудың құралы ретінде магистранттарды сауалнама жүргізуге қатыстыру қолданылады. Оқыту сапасы мен тиімділігін бағалау сауалнама құралдары арқылы жүзеге асырылады.

Академия білім беру бағдарламаларын (БББ) іске асыру сапасы мен тиімділігін бағалау мақсатында әр семестр сайын магистранттар арасында сауалнама жүргізіп, сессия нәтижелері мен ғылыми жетекшілікке қанағаттанушылықты талдау арқылы тұрақты мониторинг жүргізеді.

Сауалнама нәтижелері ғылыми-білім беру орталықтарында, Оқу-әдістемелік кеңесте және Ғылыми кеңесте талқыланады. Бағалау нәтижелерінің негізінде білім беру бағдарламалары жаңартылып, басқарушылық шешімдер қабылданады.

Магистранттар Академияның алқалы басқару органдарының жұмысына міндетті түрде қатысады (*Ғылыми кеңестегі магистранттар өкілі, ОӘК жанындағы академиялық топ старосталарының кеңесі*).

5.6. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар: МЖМС талаптарына сәйкес негізгі академиялық кредиттер көлемін игеру мерзімдерінің сақталуы

Оқу мерзіміне қойылатын талаптар сақталады. Магистратурада оқу мерзімі игерілген академиялық кредиттердің көлемімен айқындалады.

Білім беру бағдарламасының, оқу жоспарының және оқу бағдарламаларының талаптарына сәйкес білім беру процесін аяқтаған, сондай-ақ магистрлік жобаны жазу нәтижелері бойынша алдын ала қорғаудан өткен білім алушылар қорытынды аттестаттауға жіберіледі.

Кешенді емтиханды сәтті тапсырған және магистрлік жобаны қорғаған магистранттарға магистр дәрежесі беріледі және мемлекеттік үлгідегі диплом беріледі.

6. Академия білім алушыларының тәрбие және ғылыми-зерттеу жұмысы

Магистранттардың жоғары рухани мәдениетін қалыптастыру және олардың адамгершілік-әлеуметтік қасиеттерін дамыту тәрбие жұмысының негізгі мақсаты болып табылады. Тәрбие іс-шаралары коммуникативтік дағдыларды жетілдіруге, сондай-ақ Академияда оқу барысында және кейін судья ретінде кәсіби қызметте этикалық нормаларды сақтау қағидаларына баулу бағытында жүргізіледі.

Тәрбие жұмысының жоспары осы басымдықтарды ескере отырып жасалған және білім алушылардың жан-жақты тұлғалық дамуына бағытталған.

Тәрбие үдерісін ұйымдастыру мәселелері Академия басшылығының үнемі назарында болады. Эдвайзерлердің оқу жүктемесінде оқу жылы ішінде магистранттармен әдістемелік, тәрбиелік, ұйымдастырушылық және ғылыми жұмыстарға 50 сағат қарастырылған. Топ кураторлары Академия ректорының бұйрығымен тағайындалады.

Тәрбие жұмысының ерекшелігі – ол білім беру үдерісінің бір бөлігі болып табылады және болашақ судьялардың жеке тұлғалық қасиеттерінің дамуына ықпал етеді. Академия тәрбие жұмысы оқу процесіне кіріктірілуі тиіс және пәндердің мазмұны, оқыту стилі мен қарым-қатынас атмосферасы арқылы жүзеге асырылуы қажет деп есептейді.

Академияда магистранттар «Құқықтық деонтология», «Сот қызметіндегі риторика және коммуникация» пәндерін оқиды. Сонымен қатар, тәрбие жұмысы магистранттардың жеке ерекшеліктерін, оның ішінде жасына, әлеуметтік және мәдени ерекшеліктеріне сәйкес жүргізіледі.

Бұл қызметті ұйымдастыруды реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттарға мыналар жатады: Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Сот төрелігі академиясын дамытудың 2025-2027 жылдарға

арналған тұжырымдамасы, Академия Жарғысы, Ішкі тәртіп ережелері, Орталықтар туралы ережелер, сондай-ақ оқытушылардың жеке жұмыс жоспарлары.

Тәрбие жұмысы – Академияның даму стратегиясының маңызды бөлігі болып табылады, ол жүйелі түрде, білім беру үдерісімен тығыз байланыста жүзеге асырылады және магистранттардың тұрақты моральдық бағдарларын, кәсіби жауапкершілігін және белсенді азаматтық ұстанымын дамытуға бағытталған, ол қазіргі сот төрелігі талаптары мен міндеттеріне сәйкес келеді.

Тәрбие жұмысын ұйымдастыру және жүргізу жағдайы

Академияда тәрбие жұмысын үш ғылыми-білім беру орталығы жүзеге асырады: «Мемлекеттік-құқықтық пәндер ФБО», «Азаматтық-құқықтық пәндер ФБО және «Қылмыстық-құқықтық пәндер ФБО».

Магистранттарды білім беру процесіне сәтті бейімдеу мақсатында 2024-2025 оқу жылының басында Академияның Ғылыми-білім беру орталықтарының эдвайзерлері (Т.К. Бурбаев, Р.С. Жүсіпова, Т.С. Нұрышева, Е.О. Егембердиев, Р.Р. Сұлтанов, Б.Р. Сембекова, А.А. Биебаева) таныстыру іс-шарасын ұйымдастырды, оның шеңберінде магистранттарға:

- академиялық кредиттерді жинақтау тәртібін, ағымдағы және қорытынды аттестаттауға қойылатын талаптарды қоса алғанда, Кредиттік оқыту технологиясының ерекшеліктері;

- Академия Жарғысының білім беру, ғылыми және тәрбие қызметін, магистранттардың құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ мінез-құлықтың ішкі нормаларын реттейтін негізгі ережелері;

- Академияның сабаққа қатысу, академиялық тәртіп, Астана қаласының соттарында кәсіби практикадан өту, кітапхана мен ақпараттық ресурстарды пайдалану мәселелерін қамтитын ішкі тәртібін түсіндірді.

Есепті кезеңде магистранттарға магистрлік жобалар тақырыптарын таңдауда әдістемелік және консультативтік қолдау көрсетуге бағытталған жүйелі жұмыс жүргізілді. Бұл жұмыстың мақсаты – таңдалған тақырыптардың ғылыми-зерттеу бағыттарына, білім беру бағдарламасына және оқушылардың кәсіби мүдделеріне сәйкес болуын қамтамасыз ету болды. Осы іс-шаралар аясында келесі жұмыстар атқарылды: магистрлік жобаның құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптар түсіндірілді; ғылыми жетекшілермен жеке консультациялар ұйымдастырылды; бұрын жасалған жобаларға арналған тақырыптық анықтамалықтарға, әдістемелік ұсыныстарға және дерекқорларға қолжетімділік қамтамасыз етілді. Тақырыптың өзектілігі мен ғылыми жаңашылдығына, даярлық бағыты мен бағдарлама бейініне сәйкестігіне, зерттеу нәтижелерінің Қазақстан Республикасының сот жүйесінде практикалық маңызы мен қолданылуына арнайы назар аударылды.

Есепті кезеңде мәдени-демалыс және патриоттық іс-шаралар ұйымдастырылды.

Тәрбие жұмысы аясында магистранттарда азаматтық белсенділікті қалыптастыруға және экологиялық мәдениетті дамытуға ерекше көңіл бөлінді. «Таза Қазақстан» республикалық бағдарламасын жүзеге асыру аясында Академия магистранттары экологиялық бағыттағы бірнеше шараларға қатысты. Мысалы, 2024 жылғы 12 қазанда Академия магистранттары Астана қаласының «Сарыарқа» ауданы әкімдігінің қолдауымен «Ағаш отырғызу» экоакциясын өткізді. Шараға шамамен 40 магистрант еріктілер ретінде қатысты. Экоакцияның басты мақсаты – экологияны жақсартуға өз үлесін қосу болды.

2024 жылғы 16 қазанда Республика күніне арналған магистранттар мен профессор-оқытушылар құрамы арасында волейболдан блиц-турнир өткізілді. Турнир салауатты өмір салтын насихаттауға, корпоративтік мәдениетті нығайтуға, спорттық рух пен командалық ынтымақтастықты дамытуға бағытталған іс-шаралардың тиімділігін растады.

Профессор Т.К. Бұрбаевтың басшылығымен 2024 жылғы 25 қазанда Академия магистранттары Ақмол ауданы, Ақмол кентіндегі саяси қуғын-сүргін құрбандарының ескерткіш кешені – «АЛЖИР» (Отанға опасыздық жасағандардың әйелдері Ақмола лагері) мемориалына барды. Мемориалға сапар азаматтық ұстанымды қалыптастырудың, тарихи естеліктерді сақтаудың және XX ғасыр тарихының қайғылы беттерін түсінудің маңызды бөлігі болды. Магистранттар сталиндік кезеңде әділетсіз қуғынға ұшыраған әйелдердің тағдырын көрсететін музей экспозициясымен, архив материалдарымен, фотосуреттерімен және тұтқындардың жеке заттарымен танысты.

Эдвайзер-оқытушылар мен магистранттар бірге 2024 жылғы 2, 4 және 10 қазан күндері Қ.Куанышбаев атындағы Қазақ драма театрына, ал 2025 жылғы 16 ақпанда Азербайжан Мамбетов атындағы Мемлекеттік драма және комедия театрына барды. Магистранттар өнерге жақындасты, қазақ халқының бай мұрасына етене еніп, рухани азық алды.

2025 жылғы 23 қаңтарда профессор Сембекова Б.Р. 24-1 р кураторлық тобымен Қазақстан Республикасының Ұлттық музейіне барды. 2025 жылғы 21 ақпанда магистранттар Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияда «The Nomads Fire» этно-шоуын тамашалады. Бұл іс-шаралар көшпелі өркениеттің дәстүрлері мен тарихына терең бойлауға мүмкіндік берді және қазақтың мәдени мұрасын, өткен мен бүгіннің байланысын көрсетті. Осындай шаралар ой көкжиегін кеңейтеді және ұлттық мақтаныш сезімін нығайтады, бұл болашақ судьялар үшін өте маңызды.

Сонымен қатар, 2024-2025 оқу жылында Академияның профессор-оқытушылар құрамы мен магистранттары «Наурыз-2025» мейрамын ерекше қызығушылықпен атап өтті. Мереке жылы шырайлы атмосферада өтті және Академия өміріндегі жарқын оқиға болды. Шараны өткізуге Академияның барлық оқытушылары қатысты, бұл мәдени байланыстарды нығайтып, дәстүрге деген құрметті арттыруға септігін тигізді. Бағдарламада магистранттардың ұлттық билер мен әндерді орындауы, дәстүрлі салт-

дәстүрлерді сахналау (мысалы, тойдың қалыңдық алу рәсімі, бата беру рәсімі), ұлттық ойындар мен жарыстар (арқан тарту) болды. Қатысушылар ұлттық тағамдардан – наурызкөже, бауырсақ, қымыз – дәм тату үстелдерін ұйымдастырды.

Магистранттардың ғылыми-зерттеу қызметі

Академия білім алушылардың ғылыми әлеуетін дамытуға жағдай жасайды.

2024–2025 оқу жылы ішінде Академия магистранттары ғылыми қызмет бойынша жақсы нәтижелер көрсетті, олар конференциялар мен дөңгелек үстелдерге белсенді қатысып, зерттеу жұмыстарының нәтижелерін жариялады. Мұндай іс-шаралар ғылымның дамуына ғана емес, сонымен қатар жас ғалымдардың өзара байланыс орнатуына және жаңа идеялар іздеуіне мүмкіндік беретін алаң қалыптастырады.

Осылайша, 2025 жылғы 24 қаңтарда Астана қаласында Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінде Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы аясында «Қазақстандағы бірлік пен ынтымақ саясаты: тәжірибе мен перспективалар» тақырыбында халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті. Аталған конференцияға Сот төрелігі академиясының магистранттары Л. Акчулакова мен А. Ақшалова қатысты. Магистрант Л.Акчулакова «Государственная идентичность в международных отношениях» тақырыбында баяндама жасап, қазіргі қоғам мен халықаралық аренадағы Қазақстанның мемлекеттік бірегейлік мәселесін ашып көрсетті. (<https://sta.edu.kz/uchastie-magistrantov-v-konferenczii/>).

2025 жылғы 12 сәуірде «Заңнама және сот төрелігі: заң мен сот практикасының ара қатынасы» тақырыбындағы магистранттар мен докторанттардың IX ғылыми-практикалық конференциясы өтті. Конференция Н.А. Шайкеновтың рухына арналды. Іс-шараны Шайкенов шәкірттері қауымдастығының қатысуымен Академия ұйымдастырды. Конференция аясында жас зерттеушілердің баяндамалары тыңдалып, мазмұнды әрі қызықты пікірталас өтті. Пленарлық бөлім мен секциялардың жұмысына Академияның барлық магистранттары белсене қатысты.

Сонымен қатар, Академия магистранттары келесі мақалаларын жариялады:

- Саметаева Д. Аспекты оспаривания односторонних сделок // «Юридическая газета», 10 января 2025 года, №2, стр.4 (https://zangazet.kz/wp-content/uploads/2025/01/yug2025-2.pdf?srsId=AfmBOorZzWz7i8TjYka_4zQFLC6A20OUgtjTClENkyoNrLOD2t-iyQ_o)

- Қайрат Х. На основании исполнительной надписи // «Юридическая газета», 10 января 2025 года, №2, стр.4 (https://zangazet.kz/wp-content/uploads/2025/01/yug2025-2.pdf?srsId=AfmBOorZzWz7i8TjYka_4zQFLC6A20OUgtjTClENkyoNrLOD2t-iyQ_o)

- Сатаров Е. Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардағы инвестицияның азаматтық-құқықтық режимі // Платформа «Zanmedia.kz» (<https://zanmedia.kz/arnajy-ekonomikalyqq-zhaaune-industrialyqq-ajmaqqtardaghgy-investicziyanynngn-azamattyqq-qquwqqyqqtyqq-rezhimi/139808/>)

- Шыныбаева М. Неотменяемые. Почему акции не могут быть бесхозными – и чем это грозит всем нам // Платформа «Zakon.kz» (https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=39126398)

- Жолханова Д. Гражданско-правовые аспекты регулирования эстетической медицины в Республике Казахстан: проблемы и перспективы // Международный научный журнал «IN THE WORLD OF SCIENCE AND EDUCATION» (<https://cyberleninka.ru/article/n/grazhdansko-pravovye-aspekty-regulirovaniya-esteticheskoy-medityny-v-respublike-kazahstan-problemy-i-perspektivy/viewer>)

- Тлегенова Г. Проблемы в ходе осуществления функций адвоката-защитника в судебном заседании // Платформа «Zakon.kz» (https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37019224&searchId=&pos=3;-48#pos=3;-48)

- Сатаров Е. Развитие правового режима иностранных инвестиций в специальных экономических зонах Казахстана // Платформа «Zakon.kz» (https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31950613).

Академияның қоғамдық өміріне белсенді қатысқаны үшін 2024-2025 оқу жылы ішінде үш білім алушы алғыс хаттармен марапатталды.

7. Судьялардың, сот жүйесі қызметкерлерінің, адвокаттардың, заң консультанттарының және жоғары заң білімі бар адамдардың біліктілігін арттыру

- Судьялар мен сот жүйесі қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу.

2024 жылдың екінші жартыжылдығына арналған Оқу жоспары мен Кестесіне сәйкес 11 курс, ал 2025 жылдың бірінші жартыжылдығына 11 курс жоспарланған.

2024 жылдың екінші жартыжылдығында барлығы 11 курс, ал 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында 10 курс (оның ішінде судьялар үшін 6 ағым және сот жүйесі қызметкерлері үшін 4 ағым) өткізілді. 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында жоспарланған бір курс өткізілмеді. Бұл Қазақстан Республикасының «Сот жүйесін реформалау және іс жүргізу заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2024 жылғы 21 қарашадағы Заңын іске асыру жұмыстарының жүргізілуіне байланысты болды (Жоғарғы Соттың 2025 жылғы 4 сәуірдегі №6001-25-7-6Д-1-7/22 шығыс хатына сәйкес). Аталған курс 2025 жылдың екінші жартыжылдығына ауыстырылды.

Академияны дамыту тұжырымдамасына сәйкес, судьялар мен сот қызметкерлерінің құқық қолданудың жекелеген салаларындағы кәсіби

қажеттіліктерін ескере отырып, дербестендірілген оқу бағдарламасын енгізу көзделген. Академия судьялардың нақты тақырыптарды зерделеуге деген қажеттіліктерін анықтады. 2025 жылғы 9 сәуірде «Алқабилердің қатысуымен өтетін қылмыстық сот ісін жүргізудің ерекшеліктері» тақырыбында алғашқы курс өткізілді. Сонымен қатар, 2025 жылғы 26 мамырда облыстық және аудандық соттардың азаматтық істерді қарайтын судьяларына арналған біліктілікті арттыру бойынша екінші дербестендірілген онлайн курс өткізілді. Курс тақырыбы: «Әлеуметтік желілерде мәліметтердің таралуына байланысты ар-намыс, қадір-қасиет пен іскерлік беделді қорғау, моральдық зиянды өтеу мәселелерінің кейбір аспектілері».

- *Адвокаттар, заң кеңесшілері және жоғары заң білімі бар адамдар үшін біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу.* Жоспар-кестеге сәйкес төрт курс өткізілді (қоса беріледі).

Сонымен қатар, Академияны дамыту тұжырымдамасының 2.3-тармағына сәйкес, судья лауазымына үміткерлердің теориялық даярлығын арттыру мақсатында (пилоттық жоба аясында) референдиат институты көзделген. Аталған тармақты іске асыру шеңберінде Академияда Қазақстанның сот жүйесіне әлеуетті кадрларды дайындауға арналған референдиат бағдарламасы бойынша «Азаматтық-құқықтық дауларды қарау және шешу барысында жекелеген құқық салаларын қолдану ерекшеліктері» тақырыбында қарқынды дайындық курсы 2025 жылғы 3 наурыз бен 2 сәуір аралығында өткізілді.

Референдиат бағдарламасының алғашқы легі сәтті өткізілгендіктен, 2025 жылғы 23–30 сәуір аралығында екінші курс ұйымдастырылды. Бұл курс қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңнамасы нормаларын қолданудың теориялық және практикалық аспектілеріне арналды.

8. Академияның ғылыми-зерттеу қызметі

2024 жылғы 6 желтоқсанда «Адам құқықтары: заңнамалық реттеу және құқық қолдану практикасы» тақырыбында Еуразиялық форум өткізілді. Кеңестің бастамасымен ұйымдастырылған форумға Беларусь, Германия, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей және Өзбекстаннан жетекші ғалымдар мен практиктер белсене қатысты. Форумның қорытындысы бойынша 2025 жылғы қаңтарда адам құқықтарын қорғау саласындағы қазіргі ғылыми және практикалық тәсілдерді біріктірген ғылыми материалдар жинағы жарық көрді. Бұл басылым құқықтық ғылымның дамуына елеулі үлес қосып, Академияның жоғары ғылыми деңгейінің дәлелі болды.

2025 жылғы 10 сәуірде ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті Академияға ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектісі ретінде аккредитация туралы куәлік берді. Аккредитация куәлігін алу жөніндегі жұмыстар Академияны дамыту тұжырымдамасының 3.2-тармағын іске асыру шеңберінде жүргізілді.

Ғылыми ортада «Сот төрелігі академиясының хабаршысы» ғылыми журналының сұранысын арттыру мақсатында оны ҚР ҒЖБМ Ғылым және

жоғары білім сапасын қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдар тізбесіне енгізу бойынша іс-шаралар өткізілді. Осы мақсатта журнал туралы Ереже толықтай жаңартылды (*Академия ректорының м.а. 2025 жылғы 19 наурыздағы № 05-01-03/65 бұйрығы*), сондай-ақ жоғары рейтингті шетелдік басылымдарда жарияланымдары бар беделді ғалымдар қатарынан жаңа Редакциялық кеңес пен Редакциялық алқа құрамы жасақталып, бекітілді (*Академия ректорының м.а. 2025 жылғы 20 наурыздағы № 05-01-03/66 бұйрығы*). «Сот төрелігі академиясының хабаршысы» журналының сайты әзірленіп, журналға DOI (сандық объект идентификаторы) тағайындалды. Қазіргі уақытта аталған ғылыми журнал ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім сапасын қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдар тізбесіне енгізілді (*2025 жылғы 14 шілдедегі № 1187 бұйрық*).

2025 жылғы 1 шілдеде «Кассациялық соттарды енгізудің институционалдық және процестік аспектілері: сын-қатерлер мен оларды еңсеру жолдары» тақырыбында халықаралық дөңгелек үстел өткізілді. Іс-шараға Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің мүшелері мен өкілдері, ҚР Жоғарғы Сотының және жергілікті соттардың судьялары, заң қоғамдастығының өкілдері, сондай-ақ шетелдік сарапшылар (Әзербайжан мен Ресей Федерациясынан) қатысты.

Академияның магистранттары, ПОҚ және жұмыскерлері ғылыми еңбектерді тұрақты түрде жариялап отырады.

2024–2025 оқу жылында Академияның ғылыми-зерттеу жұмыстары 2024 жылғы 4 қаңтарда бекітілген Академияның ҒЗЖ жоспарына (1-ші жартыжылдық) және 2025 жылғы 27 желтоқсанда бекітілген ҒЗЖ жоспарына (2-ші жартыжылдық) сәйкес орындалды.

Академия ПОҚ-ның баяндамалары мен жарияланымдары

Профессор Л. С. Жақаеваның баяндамалары:

- Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының жанындағы ғылыми-консультативтік кеңестің төртінші отырысында «Иностранные граждане и лица без гражданства как субъекты обращений в Конституционный Суд» тақырыбында, 6 желтоқсан 2024 ж.;

- «Әкімшілік құқық және процесс: қазіргі жағдай және болашақ сын-тегеуріндер» әкімшілік құқық жөніндегі XV Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясында, 2024 жылғы 31 қазан-1 қараша;

- Сараптамалық дөңгелек үстелде «Конституциялық бақылаудың заманауи моделі: әмбебап принциптер және ұлттық ерекшелік. Баяндама тақырыбы «Конституционный Суд Республики Казахстан: особенности организации и деятельности». М.В. Ломоносов атындағы ММУ заң факультеті, Мәскеу қ., 30 қараша 2024 жыл;

- «Мемлекеттік-құқықтық болмыстың әдістемесі: теория, тарих, практика» атты Бүкілресейлік дөңгелек үстелде. Оңтүстік Орал мемлекеттік университеті, заң институты, 15 мамыр 2025 жыл;

Профессор Т. К. Бурбаевтың баяндамалары:

- Адам құқықтары жөніндегі VI Еуразиялық форумда (2024 жылғы 6 желтоқсан) «Развитие правового менталитета и его влияние на права человека» тақырыбында;

- Қазіргі жастар және ұлттық мәдениет: дәстүр мен жанашылдықтың диалектикасы» атты апталық симпозиум аясында «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КЕАҚ ұйымдастыруымен 2025 жылдың 14–18 сәуірі аралығында Астана қаласында өткен симпозиумда «Вопросы развития и тенденции правовой культуры сельской молодежи» тақырыбында баяндама жасалды;

- «Казахстанский правовой менталитет: сущность, специфика, перспективы развития» тақырыбында 2025 жылғы 15 мамырда Челябинск қаласында (ООМУ) өткен «Мемлекеттік-құқықтық болмыстың әдіснамасы: теория, тарих, практика» атты Бүкілресейлік дөңгелек үстелге арналған баяндама.

Т.С. Нұрышева баяндама жасады:

- «Қазақстан Республикасындағы конституциялық реформалар» тақырыбында Конституция күніне орай (Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Қазақстанның қоғамдық даму институты, 2024 жылғы 28 тамыз);

- «Қазақстан Республикасының заманауи әкімшілік құқығын жаңғырту жолдары: қазақстандық және шетелдік тәжірибе» тақырыбында. ҚР Әділет министрлігінің «ҚР заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК, 2025 жылғы 30 мамыр («Әкімшілік жазалардың жекелеген түрлерін әкімшілік рәсімдер шеңберіне ауыстыру: теориялық-құқықтық мәселелер»).

Л.С. Жақаеваның жарияланымдары:

- Некоторые аспекты обжалования решений, действий (бездействия) судебных исполнителей // Международный научный электронный журнал «Вестник науки». - 2024. - № 4 (73). - Том 1. - С. 216 – 225// <https://www.xn----8sbempclcwd3bmt.xn--p1ai/article/13694>. (соавтор - Рахимова Д.Т.);

- «Законодательство об административных правонарушениях: некоторые вопросы разъяснения практики применения» / Права человека: законодательное регулирование и правоприменительная практика». Сборник материалов VI Евразийского форума по правам человека. – Астана: Академия правосудия при Высшем Судебном Совете Республики Казахстан, 2025. – С.81-85.;

Т.К. Бурбаевтың жарияланымдары:

- Правовые стереотипы и правовой менталитет: их взаимосвязь и особенности развития // Вестник Академии правосудия № 4, 2024. – С. 11-18.;

Р.С. Джусупованың жарияланымдары:

- Проблемы и перспективы применения цифровых технологий в подготовке будущих судей // Вестник Академии правосудия №3 (7), 2024 г. – С. 11-18.;

А.Т. Амангелдиннің жарияланымдары:

- Частное определение административных судов с позитивным содержанием //

<https://www.facebook.com/share/kWYXj7Rra7HPc9dL/?mibextid=xfxF2i>

Егембердиев Е. О. баяндама жасады:

- Азаптау және қатыгездік құрбандарына келтірілген зиянды өтеу тетігін жетілдіру, сондай-ақ жаңартылған Стамбул хаттамасы мен ОНН органдарының ұсынымдарына сәйкес оларды оңалту жөніндегі дөңгелек үстелде (Астана қ., 2024 жылғы 20 қараша).

- VI Еуразиялық форумда «Адам құқықтары: заңнамалық реттеу және құқық қолдану практикасы» тақырыбында «Қазақстан Республикасында татуластыру рәсімдерін пайдалана отырып, азаматтық дауларды Онлайн-реттеу» тақырыбында (2024 жылғы 06 желтоқсан).

Е.О. Егембердиевтің жарияланымдары:

- Роль суда в примирении сторон в гражданском деле: законодательство и практика // Сборник международной научно-практической конференции «Актуальные проблемы гражданского процессуального права». – Ташкент, 2024. – 541 с. – С.40-49.

Р.Р. Сұлтановтың жарияланымдары:

- Вклад С.З. Зиманова в исследование обычного права казахов // Научный журнал «Вестник Академии правосудия». – 2024 №1 (5). – С.21-28.

А.А. Асылбекованың жарияланымдары:

- Азаматтық процестегі сот қателігі // Научный журнал «Вестник Академии правосудия». – 2024 № 2 (6). – С.63-69.

Г.С. Шарапатованың жарияланымдары:

- Атқару жазбаға дау айту бойынша істерді сотта қарау тәжірибесі // «Сот төрелігі академиясының хабаршысы» ғылыми журналы. – №3 (7), 2024. – С.61-70.

А.А. Биебаева баяндама жасады:

- ҚР Сот әкімшілігі ұйымдастырған жаңартылған Стамбул хаттамасы мен БҰҰ органдарының ұсынымдарына сәйкес азаптау және қатыгездік құрбандарына келтірілген зиянды өтеу, сондай-ақ оларды оңалту тетігін жетілдіру жөніндегі дөңгелек үстелде (2024 жылғы 20 қараша);

- Әзірбайжан Республикасы Бас прокуратурасының ғылыми-оқу орталығы ұйымдастырған «Құқықтық қатынастардағы трансұлттық аспектілер: заманауи сын-тегеуріндер мен мақсаттар» халықаралық конференциясында «Казахстанский опыт защиты жертв транснациональных преступлений с помощью уголовно-правовых механизмов» тақырыбында (TJTN) (2024 жылғы 17-18 желтоқсан, Баку қ.);

- «Пробация қызметінің ведомстволық бағыныстылығы контекстінде пробация бақылауындағы адамдармен қарым-қатынас» тақырыбында (2024 жылғы 6 желтоқсан).

Б.Р. Сембекова баяндама жасады:

- «Қадір-Қасиет» ҚБ және БҰҰ демократия Қоры ұйымдастырған «Қазақстан Республикасындағы тиімді құқықтық қорғау құралдарына құқық

туралы Диалог» ғылыми-практикалық конференциясында «Судебная защита прав и свобод граждан как процессуальная гарантия уголовного судопроизводства» тақырыбында (2025 жылғы 20 ақпан);

- «Криминалистическое обеспечение защиты прав личности в уголовном судопроизводстве» бүкілресейлік ғылыми-практикалық конференциясында «Қылмыстық сот ісін жүргізуде жеке тұлғаның құқықтарын қорғауды криминалистикалық қамтамасыз ету» тақырыбында (27 ақпан 2025 жыл);

- Адам құқықтары жөніндегі VI Еуразиялық форумда (2024 жылғы 06 желтоқсан) «Уголовно-процессуальные и криминалистические аспекты доказывания» тақырыбында.

Б.Р. Сембекованың жарияланымдары:

- В контексте модернизации судебной системы / Юридическая газета от 18 апреля 2025 года // <https://pdf.zanmedia.kz/product/yug-%e2%84%9628-3929-18-aprelya-2025/>;

- Судебная защита и охрана прав несовершеннолетних в уголовном судопроизводстве // «Вестник Академии правосудия» № 4 (8), 2024. с.70- 79;

- (в соавторстве с Даубасовой С.Ш.) «How secure is Tenge? // Вестник ЕНУ им. Л.Н. Гумилева. – Серия Право. – 2024. – №1 (146). – С. 9-19;

- Предмет и пределы доказывания в уголовном процессе // «Вестник Академии правосудия». – №1 (9) 2025. – С. 52-61.

А.А. Биебаеваның жарияланымдары:

- Биебаева А.А., Калгужинова А.М. «Approaches to determining the amount of damage in fraud committed in the sphere of monetary and credit relations» // Вестник Академии правосудия. – 2024. – № 3 (7). – С.71-76.;

- Биебаева А.А., Калгужинова А.М. «Бытовое насилие: некоторые вопросы совершенствования статистического учета» / Материалы международной научно-практической конференции, посвященной 55-летию Карагандинской академии МВД РК имени Б.Бейсенова (Караганды, 27 сентября 2024 года). С. 15-17.

- Биебаева А.А. (в соавторстве Нуркеева Д.Р., Бегалиев Е.Н., Абзалбекова М.Т., Жаксыбекова Ф.С.) «К вопросу о применении искусственного интеллекта при принятии процессуальных решений в судебно-медицинской экспертизе: научный обзор» // Рецензируемый научно-практический медицинский журнал для специалистов в области судебно-медицинской экспертизы «Судебная медицина». – 2024.

- Биебаева А.А. «Безусловное» условно-досрочное освобождение» https://online.zakon.kz/document/?doc_id=32465576&pos=6;-106#pos=6;-106

АБЖО ғылыми-зерттеу жұмысы

- «Адам құқықтары: заңнамалық реттеу және құқық қолдану практикасы» тақырыбында VI Еуразиялық форумды ұйымдастыру және өткізу (2024 жылғы 6 желтоқсан).

- көрнекті ғалым және мемлекет қайраткері Н.А. Шайкеновты еске алуға арналған «Заңнама және сот төрелігі: заң мен сот практикасының ара қатынасы» тақырыбында магистранттар мен докторанттардың IX жыл сайынғы ғылыми-практикалық конференциясын ұйымдастыру және өткізу (2025 жылғы 12 сәуір).

- «Кассациялық соттарды енгізудің институционалдық және процестік аспектілері: сын-қатерлер және оларды еңсеру жолдары» тақырыбында халықаралық дөңгелек үстелді ұйымдастыру және өткізу (2025 жылғы 1 шілде).

Абилова М.Н.:

- Әзірбайжан Республикасы Бас прокуратурасының ғылыми-оқу орталығы ұйымдастырған «Құқықтық қатынастардағы трансұлттық аспектілер: заманауи сын-тегеуріндер мен мақсаттар» атты халықаралық конференцияға түркі сот-құқықтық даярлау желісі (TJTN) аясында қатысып, «Регулирование транснациональных сделок в коллизионном праве Казахстана: текущее состояние и развитие с учетом глобализации» тақырыбында баяндама жасады (2024 жылғы 17-18 желтоқсан, Баку қ.).

- «Жаһандану жағдайындағы халықаралық келісімшарттарды құқықтық қорғау» (бірінші экономикалық төрелік ұйымдастырған) халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының жұмысына «Право, применимое к внешнеэкономическим контрактам: вопросы его выбора сторонами и определения правоприменителем» тақырыбында баяндамамен қатысты (2025 жылғы 26 ақпан).

АБЖО жұмыскерлерінің жарияланымдық белсенділігі
(хронологиялық тәртіпте):

Абилова М.Н., Такишева Г.О. Актуальные проблемы действующего законодательства, связанные с принятием института исполнительной надписи в Казахстане // Вестник Академии правосудия, №4, 2024. С.59-69.

Абилова М.Н. Правовое регулирование транснациональных частных отношений в Казахстане (в разрезе отдельных вопросов, связанных с обеспечением гражданских прав личностей) // «Права человека: законодательное регулирование и правоприменительная практика» сб.материалов VI Евразийского форума. – Астана: Академия правосудия при Высшем Судебном Совете Республики Казахстан, 2025, С.41-44.

Нұртан А.Е. Исполнительное производство как средство восстановления прав человека // «Права человека: законодательное регулирование и правоприменительная практика» сб.материалов VI Евразийского форума. – Астана: Академия правосудия при Высшем Судебном Совете Республики Казахстан, 2025, С.159-162.

Мергембаев Д.А. Статус родителя в аспекте проблем уголовных правонарушений, связанных с оставлением детей без присмотра // «Права человека: законодательное регулирование и правоприменительная практика» сб.материалов VI Евразийского форума. – Астана: Академия правосудия при Высшем Судебном Совете Республики Казахстан, 2025, С.241-245.

Нұртан А.Е. «Петиция о ликвидации ЧСИ в Казахстане: если основание?» // на платформе информационного агентства «Zakon.kz» https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31735068

Мергембаев Д.А. (в соавторстве) Ең биік сот – ардың соты // Вестник Академии правосудия, №1, 2025. С.18-24.

Асылбекова А.А. (в соавторстве) Арбитраж как способ разрешения споров в международных сделках // Вестник Академии правосудия, №2, 2025. С.70-76.

Такишева Г.О. (в соавторстве) Роль института нотариата в совершенствовании системы отправления правосудия // Вестник Академии правосудия, №2, 2025. С.40-48.

Нұртан А.Е., Абилова М.Н. On the need to define the concept of «public order» in the context of recognition and enforcement of foreign judicial and arbitration decisions in the Republic of Kazakhstan // <https://doi.org/10.31489/2025L2/164-173> // Вестник Карагандинского университета. Серия Право, 2025, 30, 2 (118), С.164-173.

Нұртан А.Е., Абилова М.Н. «Enforcement of Foreign Arbitral Awards in Kazakhstan: A Comparative Legal Analysis of European and Asian Mechanisms» (2025) 8(3) Access to Justice in Eastern Europe, <https://doi.org/10.33327/AJEE-18-8.3-a000117> (Scopus, Q2).

9. Академияның халықаралық қызметі

Академия шетел мемлекеттерінің сот жүйесі тәжірибесін жан-жақты зерттеу арқылы Қазақстан Республикасындағы сот білімінің сапасын арттыру бағытында жұмыс жүргізуде. Сонымен қатар, ПОҚ пен жұмыскерлердің ғылыми қызметін жандандыруды, соның ішінде судья кадрларын даярлау мәселелері бойынша шетелдік білім беру мекемелерімен бірлескен білім беру іс-шараларын және ғылыми зерттеулерді өткізуді жоспарлап отыр.

Бүгінгі таңда (Академия Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің қарамағына өткен сәттен бастап) мынадай мекемелермен ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойылды: Германия Федеративтік Республикасының Висмар қаласындағы Қолданбалы ғылымдар университетімен (2025 жылғы 27 қаңтар), Ресей Федерациясының «В.Ф.Яковлев атындағы Орал мемлекеттік заң университеті» федералдық мемлекеттік бюджеттік жоғары білім беру мекемесімен (2025 жылғы 20 қаңтар), Әзербайжан Республикасы Бас прокуратурасының Ғылыми-Білім беру Орталығымен (2025 жылғы 21 мамыр), Ресей Федерациясының «Саратов мемлекеттік заң академиясы» федералдық мемлекеттік бюджеттік жоғары білім беру мекемесімен (2025 жылғы 9 шілде).

Академия Түркі сот-құқықтық білім беру желісі ұйымдастыратын барлық іс-шараларға тұрақты түрде қатысады. 2024 жылғы 17-18 желтоқсан аралығында Баку қаласында Түркі сот-құқықтық білім беру желісінің бастамасымен «Құқықтық қатынастардағы трансұлттық аспектілер: заманауи сын-қатерлер мен мақсаттар» атты халықаралық конференция өтті.

Конференцияға Академия атынан заң ғылымдарының кандидаты, профессор А.А. Биебаева мен PhD М.Н. Абилова қатысты.

2025 жылғы 22-23 мамырда Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының ұйымдастыруымен және Қазақстанның Түркі сот-құқықтық білім беру желісіне (TJTN) төрағалық етуіне орай «Қазіргі әлемдегі заң, құқық, әділдік» тақырыбында Халықаралық заңгерлер конгресі өтті. Бұл ғылыми-практикалық іс-шараға Академия атынан ректордың м.а. К.К. Мусин, академиялық бағдарламалар мен жобалар орталығының директоры М.Н.Абилова, қылмыстық-құқықтық пәндер ғылыми-білім беру орталығының профессоры А.А. Биебаева қатысты.

Түркі сот-құқықтық білім беру желісі құқық саласындағы тәжірибе алмасу мен ынтымақтастықты нығайтудың маңызды алаңына айналуға және Қазақстан қол жеткізілген нәтижелерді дамытуға әрі одан әрі өзара іс-қимылды күшейтуге дайын.

Қорытындылар мен ұсыныстар

1. Академияның «7M042 – Құқық» кадрларды даярлау бағыты аясындағы бейіндік магистратураның «7M04201 – Сот және сот төрелігі» білім беру бағдарламасы бойынша білім беру қызметі МЖМС талаптарына сай келеді.

2. МЖМС және БілТ талаптарының сақталуын тұрақты түрде қамтамасыз ету шараларын қабылдау.

3. Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Сот төрелігі академиясын дамытудың 2025–2027 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі жұмысты жалғастыру, <https://sta.edu.kz/wp-content/uploads/2025/02/konczepczyia-rus-1.pdf>, оның ішінде:

- оқытылатын пәндер бейіне сәйкес, ғылыми жарияланымдық белсенділігі жоғары штаттық профессор-оқытушылар құрамын жұмысқа қабылдау арқылы Академияның кадрлық әлеуетін күшейту;

- сот билігі, сот төрелігі және сот ісін жүргізу салаларындағы өзекті мәселелер бойынша ғылыми-зерттеу гранттық жобаларға қатысуға өтінімдер беру;

- Академия кітапханасын заманауи оқу және ғылыми әдебиеттермен толықтыру, цифрландыру және лицензиялық дерекқорларға жазылу арқылы жаңғырту;

- білім беру процесінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында Академияның материалдық-техникалық базасын жақсарту.

Комиссия Төрағасы

Комиссия Төрағасының орынбасары

Комиссия мүшелері

К.К. Мусин

М.Н. Абилова

Т.С. Нурышева

Е.О. Егембердиев

Б.Р. Сембекова

О.А. Ярославцева
А.М. Шоменов